

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
Тіл саясаты комитеті

Republic of Kazakhstan Ministry of Science and Higher Education
Committee on Language Policy

Министерства науки и высшего образования
Комитет языковой политики Республики Казахстан

«ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ»

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЖУРНАЛЫ

«TIL ZHANE KOGAM»

INTERNATIONAL SCIENTIFIC ELECTRONIC JOURNAL

«ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ»

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ ЖУРНАЛ

№3 (63) 2025

Астана, 2025
Astana, 2025

Алғашқы есепке қою нөмірі мен мерзімі: 2993-Ж; 27. 05. 2002 жыл

«Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды қайта есепке қою туралы куәлігі берілген.

Куәлік нөмірі: №KZ68VPY00111810

Атауы: «Тіл және қоғам»

Шығу жиілігі: жылына 4 рет

Тілі: қазақ, ағылшын және орыс

Тақырыптық бағыты: халықаралық ғылыми электрондық журнал, лингвистика және жасанды интеллект, Терминология, Тіл оқыту әдістемесі

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы, алыс-жақын шетелдер

Бас редактор
Г. ТӨКЕНҚЫЗЫ

Жауапты редактор
Д. ОСПАНОВА

**Редакцияның
мекенжайы:**

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7А,
til.qogam@tilqazyna.kz

Primary registration number and date: 2993-ZH; May 27, 2002

A certificate of re-registration of the periodic printed publication has been issued by the Republican State Establishment «Committee of Information of the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan»

Certificate number: №KZ68VPY00111810

Title: «Тіл және қоғам» (*Language and Society*)

Publication frequency: 4 times a year

Languages: Kazakh, English, and Russian

Thematic focus: International scientific electronic journal, linguistics and artificial intelligence, terminology, language teaching methodology

Distribution area: Republic of Kazakhstan, near and far abroad

Первичный регистрационный номер и дата: 2993-Ж; 27.05.2002 год

Выдано свидетельство о повторной регистрации периодического печатного издания Республиканским государственным учреждением «Комитет информации Министерства культуры и информации Республики Казахстан».

Номер свидетельства: №KZ68VPY00111810

Название: «Тіл және қоғам» (*Язык и общество*)

Периодичность выхода: 4 раза в год

Языки: казахский, английский и русский

Тематическое направление: международный научный электронный журнал, лингвистика и искусственный интеллект, терминология, методика преподавания языков

Территория распространения: Республика Казахстан, далее и ближнее зарубежье

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Отандық ғалымдар

Ербол Тілешов	<i>ф.ғ.к.</i>
Шерубай Құрманбайұлы	<i>ф.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі</i>
Шалабай Бердібай	<i>ф.ғ.д., профессор</i>
Балқия Қасым	<i>ф.ғ.д., профессор</i>
Бекжан Әбдуәлиұлы	<i>ф.ғ.д., профессор</i>
Бағдан Момынова	<i>ф.ғ.д., профессор</i>
Алмагүл Әділова	<i>ф.ғ.д., профессор</i>
Раушан Авакова	<i>ф.ғ.д., профессор</i>
Гүлнар Мұратова	<i>ф.ғ.д.</i>
Зейнеп Базарбаева	<i>ф.ғ.д., профессор</i>
Гүлнат Абикенова	<i>ф.ғ.д.</i>
Бекен Сағындықұлы	<i>ф.ғ.д., профессор</i>
Орынай Жұбаева	<i>ф.ғ.д., профессор</i>
Жанна Оспанова	<i>PhD</i>
Болат Хасенов	<i>PhD</i>
Әсел Орманова	<i>PhD</i>

Шетелдік ғалымдар

Валентина Маслова	<i>ф.ғ.д., профессор, Беларусь</i>
Рустам Шадиев	<i>PhD, профессор, ҚХР</i>
Марина Пименова	<i>ф.ғ.д., профессор, Ресей</i>
Алима Перниязова	<i>ф.ғ.д., профессор, Өзбекстан</i>
Аян Экрем	<i>ф.ғ.д., профессор, Түркия</i>

EDITORIAL BOARD

Domestic experts

Tilleshov Erbol
Kurmanbaiuly Sherubai

Candidate of Philological Sciences
Doctor of Philological Sciences, Professor, Academician of the National Academy, of Sciences of Kazakhstan
Doctor of Philological Sciences, Professor
Doctor of Philological Sciences, Professor
Doctor of Philological Sciences, Professor
Doctor of Philological Sciences, Professor
Doctor of Philological Sciences, Professor
Doctor of Philological Sciences
Doctor of Philological Sciences, Professor
Doctor of Philological Sciences
Doctor of Philological Sciences, Professor
Doctor of Philological Sciences, Professor
PhD
PhD
PhD

Berdibai Shalabai
Balkiya Kasym
Abdualiyul Bekzhan
Bagdan Momynova
Almagul Adilova
Rashan Avakova
Gulnar Muratova
Zeynep Bazarbayeva
Gulnat Abikenova
Beken Sagyndykuly
Zhubayeva Orynai
Ospanova Zhanna
Khasenov Bolat
Ormanova Asel

Foreign experts

V.Maslova
R.Shadiev
V.Pimenova
A.Perniyazova
A.Ekrem

Doctor of Philological Sciences, Professor (Belarus)
Doctor of Philological Sciences, Professor (China)
Doctor of Philological Sciences, Professor (Russia)
Doctor of Philological Sciences, Professor (Karakalpakstan)
Doctor of Philological Sciences, Professor (Turkey)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Отечественные ученые

Тілешов Ербол
Құрманбайұлы Шерубай
Бердібай Шалабай
Қасым Балқия
Әбдуәліұлы Бекжан
Момынова Бағдан
Әділова Алмағұл
Авакова Раушан
Мұратова Гүлнар
Базарбаева Зейнеп
Абикенова Гүлнат
Сағындықұлы Бекен
Жұбаева Орынай
Оспанова Жанна
Хасенова Болат
Орманова Әсел

к.ф.н.
д.ф.н. профессор, академик Национальной академии наук Казахстана
д.ф.н. профессор
д.ф.н. профессор
д.ф.н. профессор
д.ф.н. профессор
д.ф.н. профессор
д.ф.н. профессор
д.ф.н.
д.ф.н. профессор
д.ф.н.
д.ф.н. профессор
д.ф.н. профессор
PhD
PhD
PhD

Зарубежные

В.Маслова
Р. Шадиев
В.Пименова
А.Перниязова
А.Экрем

Доктор филологических наук, Белорусия
Доктор филологических наук, профессор, Китай
Доктор филологических наук, профессор, Россия
Доктор филологических наук, профессор, Каракалпакстан
Доктор филологических наук, профессор, Турция

МАЗМҰНЫ

ЛИНГВИСТИКА ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

Б.Б. ДИНАЕВА

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ ПАРЕМИЯЛАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ СИНЕРГИЯСЫ.....	8
--	---

А.М. НҮРБАЕВА, Г.А. ДЖАМАНБАЛАНОВА, С.И. ЖАПАҚОВ

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТІНІ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ: ЗАМАНАУИ ТӘСІЛДЕР МЕН ТӘЖІРИБЕЛІК ҚОЛДАНУ.....	21
---	----

А.Б. КИСТАУБАЕВА

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ: Т. ДРАЙЗЕРДІҢ «АМЕРИКАНДЫҚ ТРАГЕДИЯ» РОМАНЫНДАҒЫ ТУРА ЖӘНЕ АУЫСПАЛЫ МАҒЫНАЛЫ СӨЗДЕРДІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ.....	39
---	----

Р.Т. КОЖАБЕКОВА

ПРЕЦЕДЕНТТІК АТАУЛАР – ГАЗЕТ ТАҚЫРЫПТАРЫНЫҢ ӨЗЕГІ.....	49
--	----

Ә.Т. ТӘУБЕЕВА

ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА МЕН СЕМАНТИКАНЫҢ ӨЗАРА ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ.....	63
--	----

ТЕРМИНОЛОГИЯ

Қ.М. ГАКРАМА

ҚҰРЫЛЫС ЛЕКСИКАСЫНДАҒЫ ТЕРМИНДЕР МЕН КӘСІБИЛІКТЕР.....	76
--	----

ТІЛ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ

Н.Т. АЛПЫСБАЕВА, М.А. БАЙБОСЫНОВА

ОРЫС ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ.....	89
--	----

А.Р. ОРЫНБАЕВА

І. ЕСЕНБЕРЛИН ШЫҒАРМАЛАРЫН НАСИХАТТАУДАҒЫ JAҢАШЫЛ ӘДІСТЕМЕ.....	101
--	-----

CONTENT

LINGUISTICS AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE

B. DINAYEVA

SYNERGY OF THE COMMON COGNITIVE SYSTEM IN KAZAKH AND TURKISH PAREMIAS.....	8
---	---

A.M. NURBAYEVA, G.A. DZHAMANBALANOVA, S.I. ZHAPAKOV

INTEGRATION OF INFORMATION TECHNOLOGIES AND ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN KAZAKH LANGUAGE EDUCATION: MODERN APPROACHES AND PRACTICAL APPLICATIONS.....	21
---	----

A.B. KISTAUBAYEVA

LEXICO-SEMANTIC FEATURES OF LITERARY TEXT: THE INTERRELATION OF WORDS IN LITERAL AND FIGURATIVE MEANINGS IN T. DREISER'S NOVEL AN AMERICAN TRAGEDY.....	39
---	----

R.T. QOJABEKOVA

PRECEDENT-BASED TITLES – THE ESSENCE OF NEWSPAPER HEADLINES.....	49
--	----

A.T. TAUBEYEVA

FUNCTIONAL GRAMMAR AND SEMANTICS: INTERCONNECTION AND CONSISTENCY.....	63
---	----

TERMINOLOGY

K. GAKRAMA

TERMS AND PROFESSIONALISM IN CONSTRUCTION VOCABULARY.....	76
---	----

LANGUAGE TEACHING METHODOLOGY

N.T. ALPYSBAYEVA, M.A. BAYBOSYNOVA

ACTIVE LEARNING METHODS AND TECHNIQUES RUSSIAN LANGUAGE AND LITERATURE.....	89
--	----

A.R. ORYNBAYEVA

INNOVATIVE METHODOLOGICAL APPROACHES TO THE POPULARIZATION OF ILYAS YESENBERLIN'S WORK.....	101
--	-----

СОДЕРЖАНИЕ

ЛИНГВИСТИКА И ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ

Б.Б. ДИНАЕВА

СИНЕРГИЯ ОБЩЕЙ КОГНИТИВНОЙ СИСТЕМЫ В ПАРЕМИЯХ КАЗАХСКОГО И ТУРЕЦКОГО ЯЗЫКОВ.....	8
--	---

А.М. НУРБАЕВА, Г.А. ДЖАМАНБАЛАНОВА, С.И. ЖАПАКОВ

ИНТЕГРАЦИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ И ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ОБУЧЕНИЕ КАЗАХСКОМУ ЯЗЫКУ: СОВРЕМЕННЫЕ ПОДХОДЫ И ПРАКТИЧЕСКИЕ ПРИМЕНЕНИЯ.....	21
--	----

А.Б. КИСТАУБАЕВА

ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКИЕ ОСОБЕННОСТИ ХУДОЖЕСТВЕННОГО ТЕКСТА: ВЗАИМОСВЯЗЬ СЛОВ В ПРЯМОМ И ПЕРЕНОСНОМ ЗНАЧЕНИИ В РОМАНЕ Т. ДРАЙЗЕРА «АМЕРИКАНСКАЯ ТРАГЕДИЯ».....	39
---	----

Р.Т. КОЖАБЕКОВА

ПРЕЦЕДЕНТНЫЕ НАЗВАНИЯ– ОСНОВА ГАЗЕТНЫХ ЗАГОЛОВКОВ.....	49
--	----

А.Т. ТАУБЕЕВА

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАММАТИКА И СЕМАНТИКА: ВЗАИМОСВЯЗЬ И СОГЛАСОВАННОСТЬ.....	63
---	----

ТЕРМИНОЛОГИЯ

К.М. ГАКРАМА

ТЕРМИНЫ И ПРОФЕССИОНАЛИЗМЫ В СТРОИТЕЛЬНОЙ ЛЕКСИКЕ.....	76
--	----

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА

Н.Т. АЛПЫСБАЕВА, М.А. БАЙБОСЫНОВА

АКТИВНЫЕ МЕТОДЫ И ПРИЕМЫ ОБУЧЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ.....	89
--	----

А.Р. ОРЫНБАЕВА

ИННОВАЦИОННЫЕ ПОДХОДЫ К МЕТОДОЛОГИЧЕСКОМУ ОБЕСПЕЧЕНИЮ ПОПУЛЯРИЗАЦИИ ТВОРЧЕСТВА И. ЕСЕНБЕРЛИНА.....	101
--	-----

ХҒТАР 16.21.49

Б.Б. ДИНАЕВА 

Astana IT University,

Астана, Қазақстан

(e-mail: bekzatdinayeva@gmail.com)

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ТҮРІК ТІЛДЕРІ ПАРЕМИЯЛАРЫНДАҒЫ ОРТАҚ ОЙЛАУ ЖҮЙЕСІНІҢ СИНЕРГИЯСЫ

Аңдатпа. Ғылыми мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі паремиялар арқылы екі халықтың ортақ ойлау жүйесінің синергиясы зерттелді. Зерттеу барысында паремиялардың лингвомәдени, этнолингвистикалық аспектілері қарастырылып, олардың құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері сипатталды. Салыстырмалы-типологиялық әдіс арқылы екі тілдегі паремиялар салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтары анықталды. Зерттеу нәтижесінде қазақ және түрік паремияларындағы ортақ мәдени кодтар мен танымдық құрылымдардың үндестігі айқындалып, түркі халықтарының рухани және мәдени сабақтастығының көрінісі ретінде бағаланды. Бұл үрдіс мақал-мәтелдердің тілдік және мәдени мұра ретінде сақталып, дамуына, сондай-ақ екі халықтың өзара түсіністігі мен байланыстарын нығайтуға ықпал етеді.

Түйін сөздер: паремиялар, ортақ ойлау жүйесі, семантикалық мазмұн, мәдени код, ортақ инвариант.

Кіріспе. Тіл білімі XX ғасырдың соңғы жылдарында антропологиялық парадигмаға көшуді бастады. Бұл «адам – тіл – мәдениет» және «адам – тіл – ойлау» үштігіне негізделген гуманитарлық зерттеулердің өзара тығыз байланыс орнатуына жол ашты. Адамзат өркениетінің жетістігі болып табылатын тілдік әлемнің бейнесі антропоэзектік тіл білімі саласын қалыптастырды. Паремиялар әртүрлі этностардың әлемді сезінуінің және дүниетанымының көрсеткіші ретінде семантикалық, тақырыптық және семиотикалық тұрғыдан көпқырлы құбылыс болып табылады. Олар бейнелі және эмоциялық-экспрессивтік ойлау мен таным, сана ерекшеліктеріне ие. Әртүрлі мақал-мәтелдер халық өмірін бейнелеп, шаруашылық қызметін білдіріп, шығу тегі, жасалу уәжі, тілдік заңдылықтары және құрылымдық сипаттамалары тұрғысынан ерекшеліктерге ие. Қазіргі тіл мамандарын ерекше қызықтыратыны – уақыт сынынан өткен және жалпы халық мұрасына айналған мақал-мәтелдердегі кодталған ақпаратты анықтау. Бұл зерттеулер паремиялардың пайда

болуы мен дамуын, мәдени және тарихи контекстерін тереңірек түсінуге, сондай-ақ олардың ұрпақтан-ұрпаққа білім мен құндылықтарды жеткізудегі рөлін айқындауға мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер – әртүрлі этностардың әлемге деген көзқарасын, ой-өрісін және мәдениетін түсінудің құнды кілті болып табылады. Осыған байланысты, оларды зерттеу тіл білімінің маңызды аспектілерінің бірі болып қала береді.

Мақал-мәтелдер халықтың дәстүрлері, әлеуметтік құндылықтары және мәдени нормаларын бейнелейді. Сондықтан бір ұлттың мақал-мәтелі басқа ұлттың мақал-мәтелінен әртүрлі болып көрінеді. Ойлау жүйесі мен дүниедегі құбылыстар жөніндегі жалпы түсініктер ұқсас болғанымен, әр халықтың тіліндегі мақал-мәтелдердің түрлі формада болуы олардың ерекшеліктерін көрсетеді.

Әлем халықтарының мақал-мәтелдерінде кеңінен таралған мифтік мотивтер мен ұғымдар бар. Бұл мифтер мен аңыздар адамзаттың алғашқы кезеңдерінен бастап қалыптасқан және халықтың рухани әлемін, сенімдерін көрсетеді. Мақал-мәтелдер арқылы осы мифтік дүниетанымның элементтері айқын көрінеді [1, 29], өйткені адам санасының мифтік-танымдық қатпарларындағы архетипер, шындығында да, кез келген ұғымның қалыптасуына және таным үдерісіне үлкен әсер етеді. Әр этностың мәдени өмірі мен ерекшеліктері бірегей болғанымен, оларда өзіндік ұқсастықтар болуы табиғи құбылыс. Әлем халықтарының мәдениеті мен тұрмыс-тіршіліктері әртүрлі болғанымен, олардың арасында ортақ элементтер мен ұқсастықтар бар. Бұл ұқсастықтар адамзаттың ортақ тарихы, тәжірибесі және өмір сүру тәсілдерінен туындайды [2, 27].

Тілдің тағдыры, расымен де, ұлттың тарихымен тығыз байланысты. Халықтың мәдениеті, дәстүрі, әлеуметтік құрылымы мен ой-санасы оның тілінде көрініс табады. Осыған байланысты қазақ және түрік халықтарының тілдеріндегі мақал-мәтелдер де олардың сана-сезімін, мәдени тұрмысын және тарихын бейнелейтін маңызды элементтер болып табылады. Бұл мақал-мәтелдер тілдің даму ерекшелігін және ұлт мәдениетінің негізгі көрсеткіштерін айқындап, екі халықтың рухани және мәдени мұрасын бейнелейді.

Түбі бір, мәдениеті мен тілі ортақ сан алуан халықтарды қамтыған түркі әлемі этнолингвистиканың сан алуан аспектілерін зерттеп, салыстыруға мол материал береді. Қазақ және түрік тілдеріне ортақ мақал-мәтелдерді зерттеу ғалымдарды ерекше қызықтырады, себебі мақал-мәтелдер халықтардың өмір тәжірибесін, даналығын танытып қана қоймай, олардың дүниетанымын, мәдени ерекшеліктерін тереңірек түсінуге көмектеседі. Паремиялардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін анықтау, олардың когнитивтік-прагматикалық және синергиялық этнолингвистикалық табиғатын ашу – өзекті. Түркологияда мақал-мәтелдер халықтың құндылықтарын, нормаларын, дүниетанымын көрсететін мә-

дени кодтардың тасымалдаушысы ретінде қарастырылады. Олар тәжірибе мен білімді ұрпақтан-ұрпаққа берудің маңызды құралы ретінде қызмет етеді.

Көптеген ғалымдар түркі халықтарының сөз өнеріндегі ұқсастықтардың көне заманнан бері байқалатынын атап көрсетеді. Бұл ұқсастық тек тілде ғана емес, мақал-мәтелдерде бейнеленген образдар, мотивтер, тақырыптар арқылы да көрінеді. Мұндай ортақ элементтер зерттеушілерге түркі халықтары арасындағы мәдени байланыстарды анықтауға және зерттеуге көмектеседі, бұл өз кезегінде олардың мәдени бірегейлігі мен өзара түсіністікті нығайтуға көмектеседі. Сонымен қазақ және түрік тілдерінің мақал-мәтелдерін салыстыра зерттеу бұл халықтардың ұлттық ерекшеліктерін ашып қана қоймай, олардың арасындағы терең мәдени байланыстарды түсінуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу түркі халықтарының ортақ мәдени мұрасын сақтауға және дамытуға үлес қосады және теориялық және практикалық түркологияда маңызды рөл атқарады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Бұл зерттеу қазақ және түрік тілдеріндегі паремиялар арқылы ортақ ойлау жүйесінің синергиясын анықтауға бағытталған. Зерттеу барысында паремиялардың лингвомәдени және этнолингвистикалық аспектілері қарастырылды. Мақалада паремиялардағы ортақ ойлау жүйесінің көріністері нақты тілдік деректер арқылы сипатталады. Ғылыми мақалада қолданылатын әдіснама зерттеу нысанының күрделілігі мен көпқырлылығына сәйкес кешенді әдістер жиынтығына негізделеді. Қазақ және түрік тілдеріндегі паремиялар жинақталып, олардың құрылымдық және мағыналық ерекшеліктерін ашып көрсететін сипаттамалы әдіс, екі тілдегі паремиялар салыстырылып, ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтаған салыстырмалы-типологиялық әдіс және контекстуалдық әдіс пайдаланылды. Осы әдіснамалық негіздер арқылы мақалада қазақ және түрік тілдеріндегі паремиялардағы ортақ ойлау жүйесінің синергиясы жан-жақты зерттеліп, екі халықтың дүниетанымдық және мәдени ерекшеліктері салыстырмалы түрде талданады.

Талқылау және бақылау. Әр халықтың паремиологиялық қоры – ерекше мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді ғана емес, басқа мәдениеттер мен тілдерден алынған сөздерді де қамтитын бай мұра. Бұл, әсіресе, ғасырлар бойы тығыз мәдени және тілдік байланыста болған түркі тілдес халықтарға қатысты. Көптеген мақал-мәтелдер түркі тілдес халықтарға ортақ, бұл тарихи тамырдың тереңде жатқанын, мәдени құндылықтардың ортақтығын көрсетеді. Түркі халықтарының мақал-мәтелдері өзінің бастапқы мағынасын сақтай отырып, бір тілден екінші тілге көшіп отырады. Бұл өзара алмасу үдерісі тіл мен мәдениетті байытады, түркі тілдес халықтарды біріктіретін ортақ элементтерді нығайтады. Мақал-мәтелдер халық даналығының қысқа әрі ықшам көрінісі болғандықтан, басқа халықтарға оңай таралып қабылданады, дегенмен мақал-мәтелдер тек

бір тілдің немесе халықтың асыл мұрасы екенін айту қиын. Олардың әртүрлі түркі тілдес халықтар арасында қолданылуы ұжымдық меншікті және ортақ мәдени мұраны көрсетеді. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан мақал-мәтелдер жаңа жағдайларға бейімделгенімен, өзінің бастапқы даналығын, мәнін сақтайды. Бұл құбылыс түркі тілдес халықтар арасындағы этнолингвистикалық байланыстың синергетикалық сипатын көрсетеді. Жалпы мақал-мәтелдер ортақ тамырлар мен тарихи байланыстардың дәлелі ретінде ғана емес, мәдени құндылықтар мен нормаларды сақтау және жеткізу құралы ретінде де қызмет етеді. Олар түркі тілдес халықтардың мәдени бірлігін қолдай отырып, өзара түсіністік пен мәдени бірегейлікті нығайтады. Түркі мақал-мәтелдерінің семантикалық ұқсастығы әртүрлі жолмен пайда болған дейміз. Мысалы, түрлі генеологиялық топқа жататын халықтардың мақал-мәтелдеріндегі мағыналық ұқсастық сол халықтардың дамуындағы тарихи, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және тағы басқа факторлардың ортақтығымен байланысты.

Кейбір ғалымдар түркі халықтарының этникалық және тілдік бірлігіне қатысы жоқ түркі мақал-мәтелдерінің ұқсастығын алға тартады. Олардың пайымдауынша, ортақ тамырлар мен шарттылықтар әртүрлі түркі халықтарының тілдеріне әсер ететін ортақ мақал-мәтелдер мен мәтелдерді тудырады [3, 8]. Шынында да, түркі мақал-мәтелдерінің мағыналық ұқсастығы әртүрлі себептерге байланысты туындап, халықтардың тарихи-мәдени дамуының әртүрлі аспектілерін көрсетуі мүмкін. Ұқсастықтарды мына факторлармен түсіндіруге болады: 1) Тарихи-әлеуметтік, экономикалық және мәдени факторлардың ортақтығы; 2) Әртүрлі тілдік топқа жататын халықтардың тарихи жағдайлары, әлеуметтік-экономикалық жағдайлары және ұқсастығына байланысты мақал-мәтелдердің ұқсастығы жиі кездеседі.

Соңғы уақытта паремия семантикасындағы ұлттық мәдениеттің көрінісін зерттеуге қызығушылық артып келеді. Бұл ерекше ұлттық тілдік бірліктерді зерттеумен айналысатын жаңа бағыт лингвоелтану саласының дамуына әкелді. Осы саланың дамуына үлес қосқан Е.М.Верещагин мен В.Г.Костомаровтың жұмыстары болды [4]. Ғалымдардың әзірлеген лингвоелтану тұжырымдамалары, шын мәнінде, мәдениетаралық қатысым идеясына негізделген. Бұл тұрғыда мәдениетаралық қатысым тіл арқылы әртүрлі мәдениет өкілдерінің өзара байланысы ретінде түсініледі. Бұл тәсілдің негізгі мақсаты – ұлттық мәдениеттің сол ұлттың тілінде қалай бейнеленетінін және қалай көрінетінін, сондай-ақ оны басқа мәдениет өкілдері қалай қабылдайтынын көрсету.

Мақал-мәтелдер – маңызды қарым-қатынас құралы және әр халықтың мәдени мұрасының бір бөлігі. Олар белгілі бір халықтың тарихи, әлеуметтік, экономикалық және мәдени болмысының әсерінен қалыптасқан бірегей ұлттық-мәдени сипаттарды көрсетеді. Мақал-мәтелдер халықтық сипатқа ие бо-

лып, тілдің ұлттық ерекшелігіне бай, бұл оларды тіл білімі ғылымының қажетті зерттеу нысанына айналдырады. Мақал-мәтелдерде белгілі бір халықтың мәдениетіне тән бейнелер, белгілер, шындықтар болады. Мысалы, қазақ мақал-мәтелдерінде қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін көшпелі тұрмыс, мал шаруашылығы, дала жағдайына қатысты элементтер жиі кездеседі. Түрік мақал-мәтелдері Осман тарихын, егін шаруашылығы мен дәстүрін қамтиды.

Қазақ-түрік паремияларының ұқсастығы мен ерекшелігін осы этностардың дүниетанымын, пайымдауын, рухани мәдениетін, тілдік қауымдастығын көрсететін стандартты ережелер мен тарихи дереккөздер арқылы түсіндіруге болады. Бұл факторлар елдер арасындағы айырмашылықтарға қарамастан, қолайлы мағыналар мен қызметтерге ие ұқсас мақал-мәтелдердің қалыптасуына ықпал етеді. Қазақтар мен түріктер ғасырлар бойы тығыз тарихи-мәдени байланыста болды, бұл мәдени элементтердің, соның ішінде мақал-мәтелдердің алмасуына ықпал етті.

Нәтижелер. Паремиялар бір тілден екінші тілге ауысқанда, көбінесе семантикалық мазмұнын сақтайды, бірақ сонымен бірге жаңа тілдің контекстік, лексикалық және грамматикалық ерекшеліктеріне бейімделеді. Бұл құбылыс, әсіресе, көптеген мақал-мәтелдердің тамыры ортақ, бірақ әр мәдениеттің дәйекті дамуында дамыған түркі халықтарына тән. Бір тілден екінші тілге ауысқан паремиялар жалпы мағыналық мазмұнын сақтайды. Мысалы, қазақ мақал-мәтелінің түрік тілінде бірдей идеяны немесе даналықты жеткізетін, бірақ әртүрлі сөздер мен құрылымдарды қолданатын баламасы болуы мүмкін. Қазақтың көптеген байырғы мақал-мәтелдерінің тарихи негізі түркілік ортақ қордан шыққан және олар бір кездері түркі халықтарына ортақ игілік болған. Әр халық осы ортақ **инварианттың** жекелеген **варианттарын** жасап, өз мәдениеті мен тілдік ерекшеліктерін айқындаған. Бұл үрдіс мақал-мәтелдердің тілдік және мәдени мұра ретінде сақталып, дамуына, сондай-ақ халықтардың өзара түсіністігі мен байланыстарын нығайтуға ықпал етеді. Атап айтқанда:

а) Мақал-мәтелдердің екі тіл арасында абсолютті вариант болып тұрғандарын қазақ және түрік тілдері материалы негізінде қарастыратын болсақ, төмендегідей синонимдік немесе мағыналас варианттардың бар екендігін көреміз. Мысалы:

Қазақта: *Адам аласы – ішінде, мал аласы – сыртында;*

Түрікте: *Adamın alası (alacası) içinde, davarın (Hayvanın) alacası dışında* (сөзбе-сөз аудармасы: Адамның аласы ішінде, малдың (хайуанның) аласы сыртында)

Қазақта: *Анасын көріп – қызын ал, матасын көріп – бөзін ал;*

Түрікте: *Anasına bak kızını al, kenarına bak bezini al* (сөзбе-сөз аудармасы: Анасын қарап қызын ал, жиегіне қарап бөзін ал)

Бірінші мақалдағы қазақ тіліндегі **мал** сөзі түрікте **davar/hayvan** сөзімен

алмасып тұр. Қазақ тіліндегі **мата** сөзі түрікте **kenar** сөзімен берілген.

ә) Мақал-мәтелдердің компоненттері әртүрлі өзгеріске түсіп қолданылады:

1) **Мақал-мәтелдердің бір компонентін өзгерту.** Мысалы:

Қазақта: *Екі кемеңің басын ұстаған суға кетер*

Түрікте: *İki kapitan bir gemiyi batırır* (сөзбе-сөз аудармасы: Екі капитан бір кемеңі батырар)

Қазақта: *Ит үрер, керуен көшер*

Түрікте: *İt ürür; kervan yürür* (сөзбе-сөз аудармасы: Ит үреді, керуен жүреді)

2) **Мақал-мәтелдердің екі компонентін өзгерту.** Мысалы:

Қазақта: *Екі түйе сүйкенсе, арасында шыбын өледі*

Түрікте: *At tepişir arada eşek ölür* (сөзбе-сөз аудармасы: Ат тебісер, ортада есек өледі)

Қазақта: **Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды**

Түрікте: *Otuz iki diştен çıkan, otuz iki ağıza yayılır* (сөзбе-сөз аудармасы: Отыз екі тістен шыққан отыз екі ауызға тарайды).

Бұл мақал-мәтелдердің құрамындағы сөздер тіларалық варианттар жасағанымен, мақал-мәтелдердің жалпы мазмұнына, бейнелілігіне нұқсан келтіріп тұрған жоқ.

3) **Мақал-мәтелдердің үш компонентін өзгерту.** Мысалы:

Қазақта: *Дәніккеннен құныққан жаман*

Түрікте: *Alışmış, kudurmuşan beterdir* (сөзбе-сөз аудармасы: Үйреніскен құтырғаннан бетер)

Қазақта: *Тауықтың түсіне тары кіреді*

Түрікте: *Aç tavuk uykusunda darı görür* (сөзбе-сөз аудармасы: Аш тауық түсінде тары көреді)

4) **Мақал-мәтелдердің төрт компонентін өзгерту.** Мысалы:

Қазақта: *Аңқау елге арамза молда*

Түрікте: *Avcı kediye kurnaz fare* (сөзбе-сөз аудармасы: Аңшы мысыққа – айлакер тышқан)

б) Түркілік ортақ инварианттың жекелеген варианттарын туыстас тілдердің бірінде мақал-мәтелдердің толық нұсқасының, ал екінші бір тілде ықшамдалған қысқа вариантының болуынан да көреміз. Мысалы:

Қазақта: *Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады,*

Қатты-қатты сөйлесең, мұсылман діннен шығады

Түрікте: *Tatlı dil yılanı deliğinden çıkarır* (сөзбе-сөз аудармасы: Тәтті тіл жыланды інінен шығарар)

Бұл мысалдардан көбінесе қазақ тілінде екі жолдан тұратын мақал-мәтелдер түрік тілінде бір ғана жолдан болатынын көреміз.

в) Құрылымы, құрамы және бейнелеу тәсілі жағынан басқа-басқа, бірақ

логикалық ой жүйесі, мағына-мазмұны, бағытталған нысанасы ортақ мақал-мәтелдер де бар. Мәселен, қазақ тіліндегі **Ақша ашпайтын құлып жоқ; Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды; Бір күн дәм татқан жерге қырық күн сәлем** деген мақалдардың мағынасын түріктер *Altın anahtar her kapıyı açar* (сөзбе-сөз аудармасы: Алтын кілт әр есікті ашар); *Ateş olmayan yerden duman çıkmaz* (сөзбе-сөз аудармасы: Өрт болмаса, түтін болмайды); *Bir fincan kahvenin kırk yıl hatırı var* (сөзбе-сөз аудармасы: Бір шыны кофе қырық жыл бойы есте қалады); қазақтың **Ерте тұрған әйелдің бір ісі артық, ерте тұрған еркектің ырысы артық** мақалын түріктер *Erken kalkan (çıkan) yol alır, er evlenen döl alır* (сөзбе-сөз аудармасы: Ерте тұрған жол алар, ерте үйленген ұрпақ алар); **Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды** дегенді *İki bas bir kazanda kaynamaz* (сөзбе-сөз аудармасы: Екі бас бір қазанда қайнамайды), *İki aslan bir posta sığmaz* (сөзбе-сөз аудармасы: Екі арыстан бір торға сыймас), *İki karpuz bir koltuğa sığmaz* (сөзбе-сөз аудармасы: Екі қарбыз бір қолтыққа сыймас) деп қолданады. Бұл туралы фин паремиологы М.Кууси мақал-мәтелдердің мазмұны оларда қолданылатын бейнелі образдармен байланысты емес, мақал-мәтелдердегі берілетін ортақ хабар әртүрлі образдың көмегімен жүзеге асуы мүмкін дейді [1, 17].

Бұл пікірді қолдай отырып, қазақ және түрік мақал-мәтелдері де құрылымдық, тұлғалық жағынан өзгеше болса да, беретін мағынасы бір, ортақ ой, ортақ мазмұны бар дейміз. Мақал-мәтелдердің мәндес келуі халықтардың бір зат не құбылыс жайындағы түсінігі бірдей, тек тілдері басқаша дыбыстала-тынын көрсетеді. Жалпы туыстас тілдер үшін фонетикалық заңдылықтардың маңызы өте күшті. Фонетикалық заңдылықтар тілдің лексикалық құрамы мен грамматикалық құрылысына қарағанда, тез өзгеріске ұшырағыш болғандығы үшін шешуші қызмет атқарып келді. Мұндай дыбыстық өзгерістерді түркі халықтарының мақал-мәтелдерінен анық көруге болады. Мысалы:

Қазақта: **Тау тауға қосылмас, адам адамға қосылады**

Түрікте: ***Dağ dağa kavuşmaz, insan insana kavuşur*** (сөзбе-сөз аудармасы: Тауға тау кездеспейді, адам адамға кездеседі)

Қазақта: **Қызым, саған айтам, келінім, сен тыңда;**

Түрікте: ***Kızım sana söylüyorum, gelinim sen anla*** (сөзбе-сөз аудармасы: Қызым саған айтамын, келінім сен түсін).

«Көріп отырғанымыздай, бұл тәріздес ұқсас мақал-мәтелдерді тек түрік тілінен ғана емес, кез келген түркі тілінен, әсіресе, тегі жағынан қыпшақ тобына жататын тілдерден көптеп кездестіруге болады. Бұл ортақ мақал-мәтелдердің барлығы бүгін ғана пайда болып, түркі әлеміне бірден тараған жоқ. Олар – түркі халықтарының, ал одан бұрын тайпаларының өзара тығыз араласуына, рухани-мәдени жіті қарым-қатынасына байланысты талай замандардан ілгері қалыптасқан ортақ ауыс-түйістер» [5, 27].

Екі халықтың қай мақал-мәтелін алып қарасақ та, фонетикалық, лексика-грамматикалық өзгешеліктеріне қарамастан, мазмұн-мәні түсінікті болып келеді, себебі қазіргі қазақ, өзбек, қырғыз, түрік, түркімен, татар, әзірбайжан, башқұрт т.б. ұлттар біртұтас халық болып, хандық құрудан әлдеқайда бұрын шыққан, ал бірыңғай халық тілі ұлт болудан да ерте қалыптасқан. Сондықтан да бір халықтың бірнеше хандыққа бөлінуіне, тіпті олардың бір-бірімен жауласуларына қарамастан, бірыңғай сөйлеу жүйесі бұзылмаған, негізгі сөздік қоры бастапқы қалпын сақтап қалған.

Тарихтың әр кезеңіндегі, әр елдің кәсіби, экономикалық ерекшелігі сол халықтың тілінде, соның ішінде мақал-мәтелдерінде де өз таңбасын қалдырады, себебі мақал-мәтелдердің едәуір бөлігі белгілі бір географиялық шеңберде, тек сол халыққа тән болмыс-тіршілікке байланысты туып қалыптасқан. Тұрмыс-салты, тарихи тағдыры, әсіресе, тілі ұқсас болғандықтан, түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдерді қазақтың байырғы, қолтума паремияларынан ажырату оңай емес. Мысалы, *«Халық айтпайды, халық айтса, қалп айтпайды»* деген мақалды қырғыздан ауысқан деуге болады, өйткені *«қалп»* деген сөздің мағынасы қазақтар үшін онша айқын емес, ал қырғызша *«қалп»* – өтірік деген сөз [6, 63]. Қазақ тілінде мақалдың құрамындағы *«қалп»* сөзі жеке қолданылмайды. Қырғыз тілінде: *қалп айт, қалпты чындай* секілді сөз тіркестері мен *«Пазары жақын байыбайт, қалп айтқан киши жарыбайт», «Қалптын арышы қысқа»* сияқты мақал-мәтелдердің құрамында да кездеседі [7, 332]. Сол сияқты *«Дарақ бір жерде көгереді», «Өзіңді ер тұтсаң, дұшпаныңды шер тұт»* дейтін мақалдар өзбек халқынан ауысуы мүмкін, өйткені осындағы *«дарақ»* (ағаш), *«шер»* (жолбарыс) өзбек тіліне тән сөздер.

Десе де, мұндай мақал-мәтелдердің барлығын тек ауысудың нәтижесі деп қарауға болмайды. Оларды тегі, тілі бір қазақ пен түріктің өз алдына дербес ұлт болып бөлінбей тұрғанда жасалған ортақ мұрасы деуге болады. Демек, ежелгі, байырғы мақал-мәтелдерге «төсекте басы, төскейде малы қосылған» түбі бір түркі халықтарының бөлінбеген еншісі, ортақ қазынасы, ата мұрасы деп қарау керек. Мақал-мәтелдердің түрік тілінде *«аталар сөзі»* («*atasözü*»), әзірбайжанда да «аталар сөзі» («*atalar sözü*»), чувашта *«қариялардан қалған сөз»* («*ваттисам калани*») деп аталуы тегін емес. Бұдан шығатын қорытынды, қай халықтың болмасын, мақал мен мәтелді қатты қадірлейтінін, мәнін терең түсініп, тірлігіне тиянақ ететінін аңғарамыз [8, 95].

Кез келген тілдегі паремиологиялық қор ұжымдық санадан туған, көптеген ұрпақтың сынынан өткен және ұрпаққа ұжымдық құндылықтарды таныту құралы ретінде берілген мағыналарды біріктіру феномені ретінде қабылданады. Мақал-мәтелдер көпмәдениетті тіл білімінің феномені ретінде қоршаған орта шындығын стереотиптік бағалаудың афоризмдік үлгілеріне негізделген.

Оларды қабылдау мәдени-әлеуметтік даму үдерісінде өзгеруі мүмкін. Бұл, көбінесе, астарлы (ауыспалы) мағынада жұмсалатын паремиялардың лингвомәдени кодының «ашық» сипатына байланысты болып келеді.

Мақал-мәтелдер халық туындысы болғандықтан, кейінгі ұрпаққа олардың бастапқы жасалу уәжін табу, оны түсіну қиындық тудырып жатады. «Лингвомәдени массив ішінде тура мағынасын сақтаған паремияларды өзіне тән идиомалық табиғатына байланысты жеке мәтіндік өріс ретінде қарастыруға болады» [9, 8]. «Мақал-мәтелдердің өзіне тән ішкі мүмкіндіктеріне байланысты оларды зерттеу өте қиын, өйткені оларды бір мезгілде жеке логикалық бірлік ретінде де, тілдік құбылыс ретінде де, қоршаған дүниені көркем қабылдау нысандары ретінде де қарастыруға болады» [10, 54].

Қазақ және түрік халықтарының паремияларын синергетикасы ерекше этнолексикалық сөздік қор құрайды. Бұл бүгінгі қоғамның рухани-әлеуметтік жаңғыру, өзгеру деңгейіне сәйкес сөз әлеуетінің танылуы мен жан-жақты ашылу мүмкіндігін көрсетеді. Сайып келгенде, қазіргі қазақ және түрік тіл біліміндегі тілді зерттеудің жаңа ғылыми үрдісіне сай танылатын лингвомәдени сөз байлығы арқылы екі халықтың рухани өрісімен сабақтас ұлттық болмысын тани аламыз. «Ұлттық болмыс тіл арқылы бейнеленген ұлттық мазмұннан көрінеді. Ұлттық мазмұндағы мақал-мәтелдің синергиялық құдіретін тануға қатысты лингвомәдени үрдістің жалғасып, өріс алуы «тілдің ұлтты рухтандырып, оның ішкі, сыртқы келбетін өрнектеп, материалдық өндіріс пен тұрмыс күйін ұлттың рухани дүниесімен сабақтас сипаттайтын этнотаңбалар жүйесінің өзекті арқауы болуында» деген қағидаға бекіткен этнолингвистика арқылы сипаттауға болады [11, 90]. Этнолингвистика саласына сәйкес этнос болмысын оның тілі арқылы танытатын ғылыми зерттеулерде мақал-мәтелдің бойындағы ұлттық рух жан-жақты және кешенді тұтастықта ашылады.

Тілдік бірліктерге, соның ішінде ұлттық тілдің паремиологиялық қорына лингвомәдени талдау жүргізу этностың салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, оның дүниетанымы туралы деректерге негізделіп жасалады. «Өзге мәдениетті тереңірек түсіну үшін әдеттегі тар академиялық шеңбермен шектелген мәселелерден шығу керек. «Мәдениеттің өзіндік рефлексиясын», оның өзін қабылдау тәсілдерін түсіну қажет және ол үшін осы мәдениеттің өзіндік ерекшелігін анықтайтын құндылықтар мен таңбалар жүйесін таңдау тетіктерін анықтау керек» [12, 14]. Ұлттық тіл бойынша салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени талдау жасаудың маңызды міндеттерінің бірі – паремиологияның танымдық мүмкіндіктерін зерттеу.

Осы орайда қазақ және түрік тілдерінің мәдени байланысы мен туыстық байланысын анықтап, ұлтымыздың материалдық және рухани мәдениеті сақталған мақал-мәтелдерін түрік халқының ата сөздерімен салыстыру мақсатымен екі

тілдің туыстық жақындығының, рухани үндестігінің синергиясын анықтаймыз.

Қорытынды. Екі тілдегі паремияларды лингвосинергия тұрғысынан зерттеу арқылы тілдік формалар мен мағыналардың эволюциясын анықтауға, тілдің тарихи оқиғалар мен мәдени өзгерістер әсерінен қалай өзгергенін көруге болады. Ауыз әдебиеті деректерін қазіргі тілмен салыстыру мәдениет пен ойлаудың қандай элементтері сақталғанын, қайсысы өзгергенін немесе жойылғанын түсінуге бірегей мүмкіндік береді. Мақал-мәтелдерді зерттеу қазақ және түрік тілдерінің тарихи даму кезеңдерін қалпына келтіруге көмектеседі. Бұл зерттеулер әртүрлі әлеуметтік, экономикалық және саяси жағдайлардың тілдік сана мен мақал-мәтелдердің қалыптасуына қалай әсер еткенін көрсетеді. Екі халықтың мақал-мәтелдерінен құрылымдық сәйкестіктен (идентизмнен) бастап логикалық пайымдау, образдың берілу тәсілдеріндегі ортақтықты байқаймыз. Қазақ және түрік мақал-мәтелдерінің ортақтығы мен тілара сәйкестігі – белгілі бір заңдылыққа, тарихи факторға барып саятын құбылыс. Атап айтқанда, олар:

1) түркі төркіндестігі, тектестігі;

2) қазақ пен түрік халықтарының өміріндегі, рухани мәдениетіндегі, дүниетанымы мен ойлау, бейнелеу қабілетінің ұқсастығы мен сәйкестігі олардың тарихи тамыры мен мәдени байланысының ортақтығының жемісі. Бұл параллельдер ортақ құндылықтарды, өмірлік тәжірибені және ойды жеткізу тәсілдерін көрсететін мақал-мәтелдерде кездеседі

3) екі халықтың да өз ойын метафора, салыстыру, басқа да шешендік құралдар арқылы жеткізе білуі олардың мақал-мәтелдерін бай, мәнерлі етеді. Күрделі ойларды жеткізу үшін олар көбінесе табиғаттың, жануарлардың, күнделікті көріністердің суреттерін пайдаланады.

Сонымен адамзатқа ойлау жүйесі ортақ болғандықтан, қазақ және түрік халықтарының сәйкес мақал-мәтелдерінің ұқсас болуы заңды құбылыс екенін атап көрсетеміз. Жоғарыда қарастырылған мақал-мәтелдердің арасында ешқандай принципті айырмашылық жоқ. Қазақ және түрік халықтарының мақал-мәтелдері екі ұлттың мәдени-рухани мұрасын зерттеуде ерекше құнды дүние болып табылады. Лексика-семантикалық, грамматикалық және контекстік құбылыстар, мақалдардағы балама варианттар тіл мен мәдениеттің табиғи дамуын көрсетеді. Сонымен қатар ортақ мақал-мәтелдердің болуы қазақ пен түрік халықтарының арасындағы туыстық байланыстарды көрсететін терең тарихи-мәдени бірлікті дәлелдейді. Қазақ және түрік халықтарының тілдік қорының синергиясын тарихи аспектіде зерттеу екі ұлттың паремиологиялық қорының қалыптасуына өмір сүру салтының, ділі мен қоршаған ортасының елеулі әсерін анықтайды. Қазақ және түрік халықтарының фольклорындағы паремиялардың синергиясын зерттеу олардың мәдени-этникалық сабақтастығын, өмір салтының, ділі мен қоршаған ортасының паремиологиялық қордың қалыпта-

суына әсерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Қазақ, түрік паремияларындағы ортақ ойлау жүйесінің синергиясын зерттеу арқылы екі халықтың ортақ тарихи, мәдени және әлеуметтік негіздері анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Дандис А.О. структуре пословицы // Паремииологический сборник. Пословица. Загадка (Структура, смысл, текст). – М.: Наука, 1978. – С.13-34.
2. Адамбаев Б. Мақал-мәтелдің ұлтаралық сипаты // Қазақ ССР ҒА Хабарлары. Тіл-әдебиет сериясы. – Алматы, 1974. №1. 27-34 б.
3. Пермяков Г.Л. К вопросу о структуре паремииологического фонда // Типологические исследования по фольклору. – Москва: Наука, 1975. – 251 с.
4. Верещагин Е.И., Костомаров В.Т. Язык и культура. – Москва: Русский язык, 1976. – 248 с.
5. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т., 2004. – 560 б.
6. Елубай А. Концептуалды оқыту мен тәрбие: қазақ және түрік тілдеріндегі әйелге қатысты мақал-мәтелдер. Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Хабаршысы. №6 (400). – Алматы, 2022. 45-60 б.
7. Юдахин К.К. Киргизско-русский словарь. – Москва: Советская энциклопедия, 1965. – 973 с.
8. Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. – Алматы: Атамұра, 2000. -320 б.
9. Антонова Е.Н. Паремииология без границ: монография. – Москва: РУДН, 2020. – 244 с.
10. Гафарова А.С. Пословицы VS поговорки. Филологические науки. Вопросы теории и практики. – Тамбов: Грамота, 2017. № 11(77): в 3-х ч. Ч. 2. -С. 54-57.
11. Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
12. Гуревич Т.М. Лингвокультурологический анализ концептосферы ЧЕЛОВЕК в японской языковой картине мира: автореф. дис. доктора культурологии. – М., 2006. – 45 с.

Б.Б. ДИНАЕВА

Astana IT University,

Астана, Қазақстан

(e-mail: bekzatdinayeva@gmail.com)

СИНЕРГИЯ ОБЩЕЙ КОГНИТИВНОЙ СИСТЕМЫ В ПАРЕМИЯХ КАЗАХСКОГО И ТУРЕЦКОГО ЯЗЫКОВ

Аннотация. В научной статье исследуется синергия общей когнитивной системы казахского и турецкого народов через призму паремий в обоих языках. В исследовании рассматриваются лингвокультурные и этнолингвистические аспекты паремий, описываются их структурные и семантические особенности. Используя сопоставительно-типологический метод, паремии двух языков были проанализированы с целью выявления сходств и различий. В ходе исследования была выявлена гармония общих культурных кодов и когнитивных структур в казахских и турецких паремиях, что рассматривается как проявление духовной и культурной преемственности тюркских народов. Многие древние казахские пословицы и поговорки происходят из общего тюркского наследия и когда-то были частью коллективного богатства тюркского мира. Каждый народ разработал свои варианты этого общего инварианта, отражающие его уникальную культуру и языковую самобытность. Этот процесс способствует сохранению и развитию пословиц и поговорок как языкового и культурного наследия, а также укреплению взаимопонимания и связей между двумя народами.

Ключевые слова: паремии, общая когнитивная система, семантическое содержание, культурный код, общий инвариант.

B.B. DINAYEVA

Astana IT University,

Astana, Kazakhstan

(e-mail: bekzatdinayeva@gmail.com)

SYNERGY OF THE COMMON COGNITIVE SYSTEM IN KAZAKH AND TURKISH PAREMIAS

Annotation. The scientific article explores the synergy of the common cognitive system of the Kazakh and Turkish peoples through the prism of the paremias in both languages. The study examines the linguocultural and ethnolinguistic aspects

of paremias, describing their structural and semantic features. Using a comparative-typological method, the paremias of the two languages were analyzed to identify similarities and differences. The research revealed a harmony of shared cultural codes and cognitive structures in Kazakh and Turkish paremias, which is viewed as a manifestation of the spiritual and cultural continuity of Turkic peoples. Many ancient Kazakh proverbs and sayings originate from a common Turkic heritage and were once part of the collective wealth of the Turkic world. Each nation developed its own variants of this common invariant, reflecting its unique culture and linguistic identity. This process contributes to the preservation and development of proverbs and sayings as linguistic and cultural heritage, while also strengthening mutual understanding and ties between the two nations.

Keywords: paremias, common cognitive system, semantic content, cultural code, common invariant.

References

1. Dandis A.O. strukture poslovicey // Paremiologicheskij sbornik. Poslovica. Zagadka (Struktura, smysl, tekst). – M.: Nauka, 1978. -S.13-34.
2. Adambaev B. Maqal-máteldiń ultaralyq sıpaty // Qazaq SSR ǴA Habarlary. Til-ádebiet seriasy. – Almaty, 1974. №1. 27-34 b.
3. Permjakov G.L. K voprosu o strukture paremiologicheskogo fonda // Tipologicheskie issledovanija po fol’kloru. – Moskva: Nauka, 1975. – 251 s.
4. Vereshhagin E.I., Kostomarov V.T. Jazyk i kul’tura. – Moskva: Russkij jazyk, 1976. – 248 s.
5. Qaidar Á. Halyq danalyǵy. – Almaty: Toǵanaı T., 2004. – 560 b.
6. Elýbaı A. Konseptýaldy oqytý men tárбие: qazaq jáne túrik tilderindegi áielge qatysty maqal-mátelder. Qazaqstan Respýblikasy Ulttyq ǵylym akademiasynyń Habarshysy. №6 (400). – Almaty, 2022. 45-60 b.
7. Judahin K.K. Kirgizsko-russkij slovar’. – Moskva: Sovetskaja jenciklopedija, 1965. – 973 s.
8. Qaidar Á. Ǵylymdaǵy ǵumyr. – Almaty: Atamura, 2000. – 320 b.
9. Antonova E.N. Paremiologija bez granic: monografija. – Moskva: RUDN, 2020. – 244 s.
10. Gafarova A.S. Poslovicey VS pogovorki. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki. – Tambov: Gramota, 2017. № 11(77): v 3-h ch. Ch. 2. -C. 54-57.
11. Mankeeva J. Qazaq tilindegi etnomádenı ataýlardyń tanymdyq negizderi. – Almaty: Jibek joly, 2008. – 356 b.
12. Gurevich T.M. Lingvokul’turologicheskij analiz konceptosfery ChELOVEK v japonskoj jazykovej kartine mira: avtoref. dis. doktora kul’turologii. – M., 2006. - 45 s.

Автор туралы мәлімет:

Динаева Бекзат Бегалықызы – филология ғылымдарының кандидаты, Astana IT University, Жалпы білім беру пәндері департаментінің қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан

Динаева Бекзат Бегалықызы – кандидат филологических наук, Astana IT University, Ассоциированный профессор Департамента общеобразовательных дисциплин, Астана, Казахстан

Dinayeva Bekzat Begalykyzy – candidate of Philological Sciences, Astana IT University, Associate Professor of the Department of General Education, Astana, Kazakhstan

GRNTI 32.973

A.M. NURBAYEVA 

Abai Kazakh National Pedagogical University

e-mail: nurbaeva.aida@bk.ru

G.A. DZHAMANBALANOVA

Methodologist in Russian Language and Literature

City Scientific and Methodological Center for New Educational Technologies,

Department of Education of Almaty City

e-mail: gul_a@mail.ru

S.I. ZHAPAKOV

Principal of General Secondary School No. 109, Almaty

e-mail: serik.zhapakov@mail.ru

**INTEGRATION OF INFORMATION TECHNOLOGIES AND
ARTIFICIAL INTELLIGENCE IN KAZAKH LANGUAGE EDUCATION:
MODERN APPROACHES AND PRACTICAL APPLICATIONS**

Annotation. The article examines the integration of information technologies (IT) and artificial intelligence (AI) in Kazakh language education. It highlights the role of adaptive educational platforms, multimedia resources, and progress monitoring systems in enhancing personalization, efficiency, and accessibility. The advantages of AI, including the development of individualized learning trajectories, the elimination of language barriers, and the preservation of cultural heritage, are explored. Key challenges such as insufficient infrastructure and educator preparation are analyzed,

along with proposed solutions to address these issues. The findings underscore the importance of IT and AI for modernizing the national education system and promoting the global dissemination of the Kazakh language.

Keywords: Kazakh language, information technologies, artificial intelligence, personalization, multimedia, adaptive learning.

Introduction. The contemporary educational landscape is experiencing profound transformations driven by the integration of information technologies (IT) and artificial intelligence (AI). Within the framework of globalization, the accelerated advancement of digital innovations, and the escalating demands for elevated educational standards, traditional pedagogical methodologies increasingly fall short in delivering effective and high-quality instruction. The incorporation of IT and AI into educational processes has become an indispensable instrument for the development of innovative and more effective teaching models, particularly pertinent to the instruction of the Kazakh language. These technologies enable the customization of pedagogical approaches and facilitate a deeper acquisition of linguistic competencies, thereby significantly enhancing the overall quality of education.

The native language transcends its role as a mere tool for communication; it embodies a critical aspect of cultural identity and national heritage. The Kazakh language, characterized by its profound historical roots and distinctive uniqueness, serves as a pivotal medium for safeguarding and perpetuating the cultural heritage of the nation. In the context of globalization and the rapid socio-cultural transformations shaping the modern world, it becomes imperative to prioritize the preservation and promotion of the Kazakh language as a vital instrument of communication, scientific inquiry, and cultural expression. Against this backdrop, the application of IT and AI emerges not only as a vehicle for elevating educational quality but also as a strategic mechanism for sustaining and advancing the Kazakh language as a foundational element of national identity and cultural legacy.

Мәдениеттің рухани түрі ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі. Тіл мен мәдениеттің байланысы қазір сан алуан ғылымдардың зерттеу нысанына айналды. Тіл мен мәдениеттің байланысы шексіз. Себебі: тіл бар жерде мәдениет бар. Мәдениет болған жерде, тілдің өмір сүріп, сол халықтың ең асыл қазынасы мен мол мұралары тіл арқылы көрінеді. Мәдениет ұғымына берілген сан түрлі анықтамаларда Э. Тэйлордың культура, или цивилизация, в широком этнографическом смысле складывается в своем целом из знания, верований, искусства, нравственности, законов, обычаев и некоторых других способностей и привычек, усвоенных человеком как членом обществадесе, Ю.М. Лотман: «Культура есть форма общения между людбми и возможна лишь в такой группе, в которой люди общаются (...), культура имеет, во-первых, коммуникационную и, во-вторых, символическую природу», - деген дәйексөзі бар [12,58].

«Ұлт мәдениетінің сақталуы тек ұлт тілінің куммулятивтік қызметіне байланысты», - деген профессор Г.Н. Смағұлова пікіріне орай куммулятивтік функ-

цияға ие тілдік бірліктердің бойында семантикалық құрылымында сан ғасырлар бойы халықтың өзімен бірге жасасып, екшеліп, ұрпақтан-ұрпаққа мұра ретінде жеткен қоғамдық тәжірибенің, халықтық, ұлттық рухтық және материалдық мәдениеттің көріністері сақталып, бейнеленгенін айтқымыз келеді. «Сондықтан да болар тілдің тұрақты тіркестеріне (мақал-мәтел, фразеологизм және т.б.) алғаш көңіл бөліп, олардың табиғатындағы халықтың қоғамдық өмірін, салт-санасын, әдет-ғұрпын көре білгендер тек ғалымдар мен фольклористер ғана емес, сонымен қатар этнографтар да болды» [13,19].

Тіл арқылы мәдениеттанудың ғылыми үлгілері этнолингвистиканың, елтанудың, лингвомәдениеттанудың пән ретіндегі жалпы және ұқсас мақсаттары мен міндеттері - ұлт тілі арқылы ұлтты тану, ұлттық менталитетті айқындаудеген постулатқа орай, бізде газет бетінен жинақталып, сараптама жасалған баспасөз бетіндегі тұрақты тіркесті тақырыптарға көңіл аударсақ, олар – халық мәдениетіндегі ерекше мереке тойлар, әдет-ғұрыптар, атақты қоғам, мәдениет қайраткерлерінің мерейтойлары. Қазақ халқы өз қаһармандарын, ақын-жазушыларын, ерекше ұлт тұлғаларын сыйлап, оларға құрмет көрсете білген. Осы халықтың пір тұтар азаматтарын прецеденттік атаулар ретінде қарастырамыз. Көптеген зерттеулердің нәтижелері бойынша, «Жалқы есімдер халықтың тарихынан, оның мәдениетінен хабар беретін баға жетпес қазына, өйткені олар ұрпақтардың рухани өмірінің ізі», - болып табылады [14,58].

Прецеденттік атаулар – сандаған жылдар мен ғасырлардың қойнауында жатқан ата-бабалардың дәуірінің үні. Сол заман тұрғысымен қазіргі өркениетті заман жаңалығымен сабақтасып жатқан құнды есімдер. Көненің көзіндей ғасырлардың қат-қабат қойнауында сақталып қалған атаулардың беретін дүниесі мол. Егемендіктің арқасында оянған ұлттық сезім, ұлттық рух пен қазақтың құнды дүниелерін ашатын кілт - оның дамып, жаңарып, жетілуін қамтамасыз ететін заңдылықтарын көрсету тұрғысынан тілдің маңызы айрықша зор. Жалқы есімдердің және бір ерекшелігі, басқа бір тілге аударма жасағанда бастапқы қалпын өзгертпей сақтайтындығы. Осы тұрғыдан тіл білімі сөздігі қазақ тілі лексикологиясының ең күрделі, ең бай саласы – жалқы есімдер (ономастика).

Ономастика (грек. *onomastike* – есім, ат қою өнері) – кез келген жалқы өсімдерді (онимді) зерттейтін лингвистика пәні.

Баспасөздегі фразеологиялық тіркестерде автордың баяндайтын - суреткерінің даралық сипаты мен өзіндік қолтаңбасы, халықтың ой-танымының, көркемдік әлемінің көріністері де Абай есімімен тығыз байланысты [15,13].

«Тұлға» – деп аталатын мән мақаланың негізгі кейіпкерінің сан-салалы ғұмырын паш етері хақ. Көркем сөзбен айтылатын ойды бейнелі етіп, айқын, анық жеткізуде қара сөздің әрі мен нәрін кіргізетін, бейнелі бояуларды мақала

тақырыптарынан кездестіреміз. Осындай тұлғалардың бірі ақын, ағартушы А. Құнанбайұлы. А. Құнанбайұлының есімі тек қана қазақ жұртшылығына ғана емес, бүкіл, барлық әлемге кең танымал екенін ақынның 150 жылдық мерей тойы паш етті. Мысалы: *Қуаты күшті нұрлы сөз, Ұлылыққа тағзым, Бір ғылымнан басқаның бәрі кесел асқанға, Қалың елім қазағым* мақалалары Абай есімімен тікелей байланысты.

Абайдың 150 жылдық тойына арналған тақырыптарға: *Асылды бөтен сөзбен былғамайық, Абай мұрасы – мәдениет ошағында, Жүректен шыққан, жүрекке жетсе, Абай үлгісінің жалғасы дерсің Ахаңды, Ұстаздар әулетінің бір бәйтерегі* тақырыптары мақала өзегі. Прецедентті атаулардың негізгі дені халық қалаулыларының мәдени, тарихи, және қоғамдағы рухани өмірдегі бейнелері анық бейнеленеді. Жалқы есімдерге берілген пікірге назар аударсақ: «Именно именам принадлежит центральная роль в накоплении и передаче культурной информации», - деген зерттеушінің ойы біздің ойымызбен ұштасады.

Гасырлар бойында мол қамбаға жинақталған мәдени байлық – жалқы есімдер. Мәселен, *Маңдайға сыймадың-ау, марғасқа ұл, Құйрықты жұлдыз секілді* тақырыптары мақала өзегі. Басылымдарда жарияланған: *Жақсы жанның тойында нұр жауады, Ізгіліке жүрегіңнен орын бер, Шоқан халқымыздың - жарық жұлдызы, Алаулап өткен жыр ғұмыр* тақырыптары мақала өзегі.

Алайда мақалада ақындық жолы ғана емес, жеке өзінің қадір-қасиеттері де ашылады. Ол әдет-ғұрыптарды, тұлғалық ерекшеліктерді бойына сақтаған пенделік адам ретінде сипатталады. Мысалы, *Азаттықты армандаған Ахаң еді* тақырыбы мақала өзегі. Тақырыптардағы мақала арқауы болып отырған мысалдар қазақ халқының бір туар асыл перзенттері, қоғам қайраткерлері, даңқты спортшылар, жезтаңдай әншілер хақында болып отыр. Берілген тақырыптар тура мағынада беріледі, ал мәтінді оқығаннан кейін бағалау әуені сипатын алады. Ұлы, елеулі адам, күшті тұлға ретінде мақала айтылады. Лайықты тандай алынған әсерлі тақырып өзінің хабарламалық сипатына ие болады. Газет тақырыбы арнайы бір оқиғаға арналуы мүмкін. Онда негізгі ой: оқиға - болды, оқиға болып өтті үлгісі бойынша құрылады. Жоғарыдағы келтірілген мақала тақырыптары осы пікірмен үндеседі. Жарияланымдарда ақынның өмір сүрген ортасы, оқиғаның болғаны «болып өтті» өткен шақтағы формада беріліп, бағалау әуені сипат алады.

Қорытынды. Газет тақырыбының қай мезгілде болмасын жастарды тәрбиелеу барысында мерзімді баспасөзде жарияланып отырған мақалалары оқырман аудиториясына өзінің елеулі ықпалын тигізеді. Ұрпақ тәрбиелеудегі ең басты тәрбие – адамгершілік тәрбиесі. Адамгершілік тәрбиесі – ұлттық мақсатқа негізделген көзқарасты, сенімді, парасатты, ұлттық сананы, қарым-қатынасты дамытуға бағытталған адамзаттық тәрбиенің діңгегі. Газет жарияланымдары

тақырыптардың идеясын, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін бере білу қажет, сонда мақала тақырыбының саны да сапасы да жақсы болары сөзсіз.

Жалпы газет тақырыптарында елді жігерлендіретін, еңсесін көтеретін тақырыптардың көп болғаны ләзім. Бұл тұста ұлттық психологияның негізі – ұлттық мінез, ұлттық сезім, ұлттық салт-дәстүрлердің ұлт тіліне қатысы үлкен. Өйткені олардың тілдегі көрінісі ерекше. Ұлттың, халықтың мінезіне тән бір ерекшелік – рухани әрі адамгершілік құндылықтар болып табылады. Адамзат қоғамы үшін атқарылар істің ең қасиеттісі, бастысы – өзінің арман-мүддесін алға апаратын ұрпақ тәрбиелеу. Ұрпағы мықты ұлт қана мәңгі өмір сүреді. Баланың күш-қуаты ана сүтімен дарыса, тұтас ұрпақтың мықтылығы ата-баба дәстүрінің қанына сіңіп қабылдауымен байланысты.

Қазақ фразеологиясын тіл мен мәдениеттің шектеуінде қарастырған Г. Смағұлова: «Фразеологизмдердегі тіл мен ұлт мәдениетін ұштастырып, олардың әрқашан бірлікте екенін айта келіп, әр халықтың ұлттық мәдени ерекшеліктері, оның ғасырлар бойы жасаған тілінен көрінеді. Кейде сол ұлттың тілінде ұлттық әлдебір қасиеттерін өзгелерден оқшау етіп бағалайтын, анықтайтын тіркестер қалыптасады. Жалпы ұлт тілдерінің ішінде концептуалдық тілдік қолданыстары көбірек немесе эмоционалдық тілдік құрамдары басым түсіп жатады».

Қорытындылай келгенде, қазақ тілінің бір сүйеніші – мерзімді баспасөз болса, ал мерзімді баспасөздің тұғыры, мінбері – тіл. «Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім» деп Мағжан жырлаған ана тілді кең мағыналы құрал ретінде қолданып, қадірлеу – парыз. Тәрбие басы – тіл. Осыған орай жастарды қазақ тілінде сөйлеуге, ана тілінде ойлауға тәрбиелеу қажет. Мысалы, «Ұлт болам десең ұрпағыңды ойла», «Толғауы тоқсан қызыл тіл», «Айтылмаса сөз өледі», «Ана тілін – арда емген» тақырыптары – дәлел.

Баспасөздегі тақырып өте маңызды рөл атқаратынын баса айтқымыз келеді. Оның негізгі міндеті – оқырманның назарын аудару, оны қызықтыру, тіпті таңдандыру, сонымен қатар оқырманға осы мақаланың қысқаша мазмұнын жеткізу болып табылады. Қазіргі кезеңдегі газеттер тақырыптары «тақырыптық жаргон», қысқартулар, сандарды жазу және эллипс сияқты сөздермен де беріледі.

Қоғамдағы күннен-күнге өзгерген ақпараттарға сәйкес, мерзімді баспасөзді шығарудың компьютерлік технологиясы айтарлықтай жеңілдеді. Басып шығарудағы үрдістер жеңілдетіліп, мүмкіндіктер молаюда. Газеттің табиғаты бастапқыда мәтіндік болса, уақыт өте келе сөздік сипатын ала бастады. Газеттің офсетті басылысқа көшуі олардың пішінінің өзгеруін, көркемделуін әсем етіп қана қоймай, сонымен қатар ең бастысы оқу үшін ыңғайлы ететін қызметтерді ұсынуда. Жалпы, қазақ баспасөзін тарихи дерек көзі ретінде түрлі бағытта қарастыру, оның әлі де ғылымға белгісіз тұстарын ашатыны даусыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қайдар Ә.Т. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993.
2. Раимбекова Ж.Б. Функция воздействия газетного текста //Қазіргі қазақ әдеби тілі: бүгінгі және болашағы. Абай атындағы АлМУ-дың 70 жылдығына арналған ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы, 1998. – 420 с.
3. Байтұрсынұлы А. Шығармалары. – Алматы, 1989. – 318 б.
4. Байтұрсынұлы А. Мың бір мақал. – Алматы, 1995.
5. Сыздықова Р. Сөз құдіреті. – Алматы, 1997. – 224 б.
6. Әміров Р.С. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы, 1983. – 164 б.
7. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1993. – 170 б.
8. Смағұлова Г.Н. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері. – Алматы, 1998. – 196 б.
9. Жаналина Л.К. Тіл білімінің өзекті мәселелері. – Алматы, 2006.
10. Караулов Ю.Н. Русский язык и языковая личность. – М.: 1987. – 262 с.
11. Лингвистикалық энциклопедиялық сөздік. Бас редактор В.Н. Ярцева. – М.: 1990.
12. Темірғазина З.Қ. Отандық және шетелдік лингвистикадағы заманауи теориялар. – Павлодар, 2002.
13. Ван Дейк Т.А. Тіл, таным, қарым-қатынас. М.: Прогресс, 1989.
14. Костомаров В.Г. Дәуірдің тілдік мәні: масс-медианың сөйлеу тәжірибесін қадағалаудан. – СПб.: Златоуст, 1999.
15. XX ғасырдың соңындағы лингвистика: қорытындылар мен перспективалар. 2-том. – М.: 1995.

Р.Т. КОЖАБЕКОВА

Региональный инновационный университет,
Шымкент, Казахстан

ПРЕЦЕДЕНТНЫЕ НАЗВАНИЯ – ОСНОВА ГАЗЕТНЫХ ЗАГОЛОВКОВ

Аннотация. Периодическая печать на протяжении всех исторических этапов сохраняет свою ключевую функцию – служение обществу. В условиях стремительно развивающейся глобальной информационной системы на первый план выходят оперативность, достоверность, содержательность и точ-

ность журналистских материалов. При этом особую роль играет язык как инструмент отражения культурных, общественных и политических реалий. Особенно ценным пластом языка выступает фразеологический фонд, в котором отражаются ментальные коды и историческая память народа. Темы, устойчиво повторяющиеся в газетных заголовках, служат зеркалом общественного сознания, фиксируя важнейшие аспекты жизни, культуры, экономики и политики. В статье рассматриваются функции устойчивых тем в газетной лексике, их связь с национальной культурой и роль в формировании публичного дискурса.

Ключевые слова: Пресса, информация, духовность, язык, общество, лингвистика, тема, политика, фразеология, крылатые слова, устойчивые словосочетания, фразеологические сращения, словосочетания, архаизмы, фразеологические единства, фразеологические сочетания.

R.T. KOZHABEKOVA

Senior Lecturer, PhD, Regional Innovation University,
Shymkent, Kazakhstan

PRECEDENT-BASED TITLES – THE ESSENCE OF NEWSPAPER HEADLINES

Annotation. The press has always maintained its fundamental role as a vehicle for serving society, regardless of historical era. In the context of the modern global information system, the key criteria for journalism have become speed, accuracy, relevance, and precision. Language plays a crucial role in this process, acting as a medium for expressing social, cultural, and political realities. One of the most culturally rich components of language is the phraseological corpus, which encapsulates collective memory and national identity. Recurrent themes in newspaper headlines function as a mirror of public consciousness, reflecting various aspects of everyday life, culture, economy, and politics. This article analyzes the function of these stable thematic structures in media discourse, their cultural significance, and their role in shaping the national image and public narrative.

Keywords: Press, information, spirituality, language, society, linguistics, theme, politics, phraseology, catchphrases, set phrases, phraseological fusions, phrases, archaisms, phraseological unities, phraseological combinations.

References

1. Kaidar A.T. A new look at Kazakh terminology. – Almaty: Rauan, 1993.
2. Raimbekova Zh.B. Ventilation function of the newspaper text // modern Kazakh literary language: present and future. Materials of the scientific-theoretical conference devoted to the 70th anniversary of the Abay AlMU. – Almaty, 1998. – 420 C.
- 3.1.2.2. Works. – Almaty, 1989. – 318 C.
4. Baitursynuly A. A thousand and one proverbs. – Almaty, 1995.
5. Syzdykova P. The power of the word. – Almaty, 1997. – 224 c.
6. Amirov P.C. Syntax of a simple sentence. – Almaty, 1983. – 164 C.
7. Isayev C.M. Kazakh language. – Almaty, 1993. – 170 c.
8. Smagulova G.N. National-cultural aspects of semantic phraseologisms. – Almaty, 1998. – 196.
9. Zhanalina L.K. Actual problems of linguistics. – Almaty, 2006.
10. Karaulov Y.N. Russian language and linguistic personality. – Moscow: Nauka, 1987. – 262 c.
11. Linguistic encyclopedic dictionary. Editor-in-chief V. N. Yartseva. – M.: 1990.
12. Temirgazina Z.K. Modern theories in domestic and foreign linguistics. – Pavlodar, 2002.
13. Van Dyck T.A. Language, cognition, communication. Moscow: Progress, 1989.
14. Kostomarov V.G. The linguistic essence of the epoch: from the observation of speech experience of mass-media. - SPb.: Zlatoust, 1999.
15. Linguistics of the late twentieth century: conclusions and prospects. Vol. 2. - M.: 1995.

Автор туралы мәлімет:

Кожобекова Райхан Турсынзадақызы – филология ғылымдарының кандидаты, Аймақтық инновациялық университетінің аға оқытушысы, Шымкент, Қазақстан

Кожобекова Райхан Турсынзадақызы – кандидат филологических наук, старший преподаватель Регионального инновационного университета, Шымкент, Казахстан

Kozhabekova Raykhan Tursynzadakiszy – PhD, Senior Lecturer, Regional Innovation University, Shymkent, Kazakhstan

Ә.Т. ТӘУБЕЕВА 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,

Алматы, Қазақстан

(e-mail: nur-muba19@mail.ru)

ФУНКЦИОНАЛДЫ ГРАММАТИКА МЕН СЕМАНТИКАНЫҢ ӨЗАРА ҮЙЛЕСІМДІЛІГІ

Аңдатпа. Мақалада функционалды грамматика мен семантика ұғымдарының өзара байланысы мен олардың тіл біліміндегі рөлі талданады. Зерттеудің мақсаты семантика мен функционалды грамматиканың теориялық негіздерін ашып көрсету арқылы олардың қазақ тіліндегі ерекшеліктерін функционалды-семантикалық тұрғыдан сипаттау. Мақалада семантика ұғымының қалыптасуы, оның ғылыми негізін салған М. Брель және басқа да ғалымдардың көзқарастары талданады. Сонымен қатар, функционалды грамматика ұғымының тіл біліміне Р. Якобсон, А.В. Бондарко сынды ғалымдардың енгізгені және олардың семантикамен байланысы айқындалады. Қазақ тіл білімінде М. Оразов және А. Жаңабекова еңбектеріндегі функционалды-семантикалық зерттеулер қарастырылып, тілдің мағыналық және коммуникативтік ерекшеліктерін көрсетуге бағытталған маңызды тұжырымдар келтіріледі.

Мағынадан формаға бағытталу қағидасының тілдік зерттеулердегі рөлі ерекше назарға алынады. Бұл тілдің функционалды-семантикалық мүмкіндіктерін түсінуге, сөйлеу әрекетіндегі қызметін ашуға мүмкіндік береді. Мақаланың жаңалығы ретінде қазақ тіліндегі етіс категориясының функционалды-семантикалық сипатын зерттеу ұсынылады. Етіс категориясын мағынадан формаға қарай бағыттау қағидасын ұстана отырып, қазақ тіліндегі грамматикалық құрылымдардың семантикалық ерекшеліктері сипатталады. Мақаланың практикалық маңыздылығы – қазақ тілінің грамматикалық және семантикалық жүйесін оқытуда және аударма саласында қолданылу мүмкіндігіне ие болуында.

Түйін сөздер: семантика, функция, мағына, форма, етіс, полисемия, бағыт, логикалық, қағида, ой, тіл

Кіріспе. Семантика және функционалды грамматика ұғымдары тіл білімі саласында өте жиі кездесетін ұғымдық категориялар. Ұғымдық категория дегеніміз адамзаттың санасында қандай да бір болмыстың көрініс табуы.

Семантика ұғымын ғылымға алғаш енгізген француз ғалымы Мишель Брель. Ол 1897 жылы «Essai de semantique» (Семантикаға кіріспе) атты жарық көрген еңбегінде «семантика» терминін қолданған деген деректер бар. М. Брель семантиканы сол кездің өзінде-ақ тілдің мағыналық жағын зерттейтін ғылым ретінде таныстырған. Ал функция ұғымын ғылымның математика саласына алғаш болып енгізген Рене Декарт деп саналса да, математика ұғымын тіл білімімен ұштастыра білген Роман Якобсон функция ұғымын жүйелі түрде лингвистика саласына енгізген ресейлік ғалым болып танылады. Ол тілдік функцияларды, яғни коммуникативтік, экспрессивтік, конативтік және т.б. мәнін зерттеп, олардың семантикамен байланысын көрсеткен. Жалпы XIX-XX ғасырларда гуманитарлық ғылымдарда функция ұғымы кеңінен қолданыла бастаған.

Семантика мен функционалды грамматика – тіл білімінің маңызды бағыттарының бірі, өйткені олар тілдік бірліктердің мағыналық және құрылымдық қызметін түсінуге мүмкіндік береді. Тілдік бірліктердің мағыналық ерекшеліктерін зерттеу арқылы олардың сөйлеу процесіндегі қызметі мен қолданыс аясын анықтауға болады. Осыған байланысты, қазақ тіліндегі етіс категориясының семантикалық және функционалды ерекшеліктерін зерттеу қазіргі тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Қазақ тілінде етіс категориясының құрылымы мен мағынасы жан-жақты қарастырылғанымен олардың функционалды-семантикалық аспектілерін тереңірек зерттеу қажеттілігі туындап отыр. Зерттеу деректері ретінде қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі ғылыми еңбектер мен әдеби мәтіндер қолданылады.

Зерттеу нәтижелерін талдау барысында функционалды грамматиканың мағынадан формаға қарай бағытталу қағидасының қазақ тіліндегі қолданысы айқындалады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Тіл біліміндегі семантика мен функционалды грамматиканың өзара байланысын жан-жақты талдау үшін салғастырмалы және функционалды талдау әдістері қолданылады. Тіл білімінде салыстырмалы және салғастырмалы әдістер кеңінен қолданылады. Салыстырмалы әдіс генетикалық туыстығы бар тілдерді зерттеу үшін қолданылады. Ол тілдердің тарихи даму ерекшеліктерін, олардың ортақ түбірден таралуын және фонетикалық, грамматикалық және лексикалық өзгерістерін анықтауға бағытталған. Бұл әдіс лингвистикалық реконструкция жасауға мүмкіндік береді. Ал салғастырмалы әдіс (контрастивтік әдіс) генетикалық жағынан туыстығы жоқ немесе жақындығы аз тілдердің арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды зерттеуге арналған. Бұл әдіс көбінесе екі немесе одан да көп тілдің құрылымдарын салыстырып, олардың функционалды ерекшеліктерін анықтауға бағытталады. Салғастырмалы әдіс ғылымға XX ғасырда шетел тілін оқыту теориясында ен-

гізіліп, кеңінен қолданыла бастады. Оны тіл біліміне енгізген ғалымдардың қатарында американдық лингвист Роберт Ладо ерекше орын алады. Ол 1957 жылы жарық көрген «Linguistics Across Cultures» атты еңбегінде бұл әдісті жан-жақты зерттеп, оны шетел тілін оқытуда қолдану мүмкіндігін ұсынды. Оның зерттеулері контрастивтік талдау гипотезасының (Contrastive Analysis Hypothesis) негізін қалады. Сонымен қатар, Чарльз Фриз құрылымдық лингвистиканы дамытып, салғастырмалы әдісті тілдік құрылымдарды жүйелі түрде зерттеуге қолданды.

Қазақ тіл білімінде салғастырмалы әдісті қолданып зерттеу жүргізген ғалымдардың қатарына М. Балақаев, Н. Уәлиұлы, Е. Жанпейісов т.б. жатады. Олар қазақ және басқа тілдердегі лексикалық, морфологиялық және синтаксистік ерекшеліктерді салғастырмалы түрде зерттеген. Бұл әдіс қазіргі таңда функционалды-лингвистикалық және когнитивті зерттеулерде маңызды орын алады.

Талқылау мен бақылау. Тіл білімінде семантиканы бірнеше ғылым саласы зерттей алады. Атақты француз ғалымы П. Гиро семантиканы үшке бөліп қарастырады, олар: лингвистикалық, психологиялық және логикалық. Лингвистикалық семантика ойлау мазмұны, яғни сөзде, морфемада, грамматикалық формада, табиғи тілдік синтаксистік конструкцияларындағы мазмұн [1, 31]. Лингвистикалық семантика – тілдік бірліктердің мағынасын, олардың қолануындағы мазмұнды және ойлау жүйесіндегі рөлін зерттейтін тіл білімінің саласы. Лингвистикалық семантика ғылымының мақсаты сөздер, морфемалар, грамматикалық формалар мен синтаксистік құрылымдар арқылы ойдың мазмұнын жеткізу механизмдерін анықтау.

Семантика адамның ойлау қабілеті мен тілдік жүйе арасындағы көпір іспеттес. Адамның ойы абстрактілі түсініктер мен бейнелерге негізделсе, тіл осы ойларды нақты мағыналар арқылы бейнелейді. Семантика дәл осы ойдан тілге өтетін үдерістегі мазмұнды зерттейді. Бұл жөнінде А. Жаңабекова «Тіл қоғамдағы адамдар арасындағы аса маңызды қарым-қатынас құралы болғандықтан, бір жағынан ойды жарыққа шығарып жетілдірудің құралы болу арқылы ойлаумен, екінші жағынан, сол арқылы санамен тікелей байланысты. Сондықтан тілдің негізгі единицалары ойлаудың басты категорияларымен сәйкес келіп жатады» [2, 8]. Тіл ойлау және сана арасындағы семантика мен функция аспектілерінде айқын көрініс тауып, тілдің семантикалық мазмұны ойлау категорияларымен үйлесуін және олардың саналы түрде бейнеленуін қамтамасыз етеді. Тілдің семантикалық мазмұны ойлау категориялары арқылы грамматикалық және семантикалық құрылымдар түрінде көрініс тауып, адамның шындықты қабылдау және түсіну процестерін реттейді.

Семантика тақырыбын зерттеген Польшаның белгілі ғалымы А. Шафф семантиканы барлық тілдің «мағыналық жағын» түсінуге бағытталған үлкен

ғылым екенін айтады [3, 25]. Ал Г. Штерннің семантикаға қатысты пікірін 1931 жылы Германиядағы Гетинген қаласында басып шығарған «Meaning and Change of Meaning: With Special Reference to the English Language» атты еңбегінде полисемия тақырыбы бойынша ашқан үлкен теориялық зерттеуінен көре аламыз.

Семантика тақырыбынан орыс ғалымдары да айналып өтпеген. А. Потебняның сөз мағынасының екі жақтылығы туралы пікірі Ресейде 1913 жылы шәкірттерінің қолдауымен жарық көрген «Слово и миф» атты еңбегінде баяндалған. Олар ішкі мағына, яғни адамзаттың ойлауы болса, екіншісі – сыртқы мағына, ол сөздің қалай дыбысталатындығында деп сипаттайды. Бұдан байқайтынымыз, ғалым сөздердің астарындағы терең логикалық мағыналарымен қатар, тілдің өзіне де көбірек көңіл бөлетінін көрсетеді.

Ал қазақ тілінде алғашқы болып семантика тақырыбын зерттеп, арнайы еңбек жазған ғалым М. Оразов. Ол өзіне дейін семантиканың қыр-сырын зерттеген К. Огден мен И. Ричардстың семантикалық үшбұрышын, яғни тарихи-генетикалық, психологиялық және логикалық принциптерінің мәнін түсіндіру мақсатында негізгі мағыналар мен эмоционалды мағыналардың ерекшеліктерін зерттеген. М. Оразов аталмыш мағыналардың қазақ тіліндегі ерекшеліктерін қарастырды [4,31-33].

А. Жаңабекованың пайымдауынша тілдің тілден тыс шындықты, ақиқатты бейнелей алу қабілеті тілдік танымның семантикалық кеңістігін қалыптастырады [2, 7]. Ғалым тілдің шындықты бейнелеу қабілеті мен семантикалық кеңістікті қалыптастыру үдерісі арқылы адамның танымдық жүйесінің тіл арқылы жүзеге асатынын баса айтқысы келетіндей. Бұл пікір тілдің семантикалық аспектісін зерттеудің маңыздылығын айқындайды.

Тіл білімінің маңызды бағыттарының дамуына үлес қосқан ғалымдар тілдің семантикасы мен функционалдылығын бірге алып зерттеген. Олар тілдің мағыналық және функционалдылық қырларын байланыстырып, екі аспектінің өзара тығыз қатынаста болатынын зерттеген. Мәскеу қаласындағы «Социально – экономическое издательство» баспасында 1934 жылы жарық көрген Л. Выготскийдың «Мышление и речь» атты еңбегінде тілдің семантикалық құрылымы мен оның когнитивтік функцияларын зерттегені кездеседі. Ғалымның еңбегіне сүйенсек, тіл – ойдың сыртқы көрінісі, семантика – тіл арқылы қалыптасқан ұғымдық жүйе. Ол тілдің функцияларын адамның ойлау процестерімен тығыз байланыста қарастырып, сөздің мағынасы мен шындық арасындағы байланысты көрсетеді деп есептеген.

Осы тақырыпты американдық ғалым Джордж Лакоффтың «Metaphors We Live By» атты еңбегінен оның семантика мен функционалдықты когнитивтік лингвистика тұрғысынан зерттегені мәлім. Оның пікірінше «Тілдің семанти-

калық жүйесі адамның танымдық процестерін бейнелейді, ал тілдің функциясы осы процестерді түсіндіру мен құрылымдауда маңызды рөл атқарады» [5, 24-27]. Дж. Лакоффың тұжырымы тілдің когнитивтік лингвистикадағы рөлін сипаттауының мәні – сөздердің семантикасы адамның танымдық тәжірибесін жүйелеп, әлемді қалай қабылдайтынын көрсетуінде. Сонымен қатар, семантикалық мазмұнды жеткізудің және оны коммуникацияға бейімдеудің негізгі тәсілі – тілдің функционалдылығында екенін меңзейді.

Семантика, функция ұғымдары сөз етілген кезде, А.В. Бондарко есімі қашанда осы ұғымдармен қатарлас қолданылады. Себебі, А.В. Бондарконың функционалды семантика саласындағы еңбектері тіл білімінде жаңа бағыттың қалыптасуына ықпал етті.

Қазіргі заманғы тіл білімінде функционалды грамматика тілдік құрылымдардың сөйлеу процесіндегі қызметін зерттеудің маңызды бағыты ретінде қарастырылады. Бұл бағыт грамматикалық категориялардың сөйлеудегі қызметін, семантикалық ерекшеліктерін және коммуникациядағы рөлін анықтауды көздейді. Бұған дәлел «функционалды грамматика «функцияны» жеке тіл бірліктерінің қызметі тұрғысынан емес, тұтас сөйлемнің функциясы тұрғысынан сипаттайды» [6, 69] деген пікірді қуаттай түседі. Функционалды грамматика тіл білімінде тіл бірліктерінің мағыналық және функционалдық қырларын ашып көрсетіп, олардың тұтас сөйлем деңгейінде қандай рөл атқаратынын, сөйлеу әрекетінде қалай қолданылатынын анықтайды. Құрылымдық грамматика «формадан мағынаға қарай» бағытты негізге алса, функционалды грамматика «мағынадан формаға қарай» қағидасы арқылы тілдік құбылыстарды кешенді түрде тісіндіреді. Мұндай тәсіл тіл бірліктерінің көпмағыналылығы мен көпқызметтілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер. Қазақ тіл білімінде функционалды грамматика мәселесі енді ғана кешенді зерттеу нысандарына айнала бастады десек те, жалпы алғанда «функционалды» деген термин тіл үшін жаңалық емес [2, 37]. А. Жаңабекованың пікірін тарқатсақ, «функционалды» ұғымының негізі тілдің табиғи қасиеті – қарым-қатынас пен танымдық қызметін іске асыруында жатыр. Қазақ тіл білімінде функционалды грамматиканың дамуы тілдің терең құрылымын, мағыналық жүйесін және оның коммуникациядағы рөлін жан-жақты түсінуге ықпал етеді. Бұл бағыт тіл ғылымының жалпы әлемдік үрдістерімен үндесіп, қазақ тілінің функционалды-семантикалық мүмкіндіктерін ашуға үлкен жол ашады.

Семантика мен функцияның өзара үйлесімдігі – бұл тілдің табиғи қасиеті. Себебі, семантика – тілдік бірліктердің мағынасын зерттейді, яғни тіл арқылы берілетін ой мен ақпаратты сипаттайды. Функция – тілдің мағыналық жүйесін коммуникацияда қолдану тәсілін зерттейді. Олардың өзара үйлесімділігін ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге болады. Мысалы, *Шөп орағында істейтіндер*

сонда түнеп, сонда тамақтанады [7, 214], осы мысалдағы өздік етісте тұрған «тамақтанады» сөзін талдайық.

«Тамақтанады» сөзінің сөйлем ішіндегі семантикасы мен функциясы

Семантикасы	Функциясы
Негізгі лексикалық мағынасы: «тамақ ішу, ас қабылдау» әрекетін білдіреді.	Коммуникативтік функциясы: «тамақтанады» сөзі шөп орағында адамдардың күнделікті өмір салтын сипаттап, «хабарлау» қызметін атқарып тұр.
Сөйлем ішіндегі мағыналық рөлі: адамдардың күнделікті физиологиялық қажеттілігін – тамақтану процесін білдіреді. Бұл әрекет (<i>Шөп орағында...</i>) уақыт пен орынға байланысты белгілі бір контексте жүзеге асатын мағынаны білдіреді.	Мазмұндық функциясы: Шөп орағында жұмыс істейтін адамдардың өмір салтының маңызды аспектісін бейнелеп, сөйлемнің негізгі ойы мен мазмұнын баяндауыш ретінде толық жеткізеді.
Грамматикалық мағынасы: «тамақтанады» етістік ретінде шақтық, райлық мағыналарға ие. <i>Шақ</i> : Ауыспалы осы шақ. <i>Жақ</i> : 3-жақта қолданылып, іс-әрекетті субъектімен (<i>Шөп орағында</i> істейтіндер...) байланыстырады.	Синтаксистік функциясы: «тамақтанады» сөзі баяндауыш қызметін атқарады. Субъектінің әрекетін білдіріп, сөйлемнің аяқталған ой екенін қамтамасыз етеді.

«Функция, функционалды» ұғымдары тұлғалық грамматикада бұрыннан қолданылып келе жатқандықтан, қазіргі қазақ тіл білімінде айтылып жүрген «функционалды» ұғымы жаңадан келген жаңалыққа жатпайды. «Функционалды» ұғымы төңірегінде біздің айтпағымыз, функционалдылық, семантика ұғымдары сөйлеуші мен тыңдаушының әрекеттерін сипаттап, тұлғалық грамматикада формадан мағынаға бағытталғаны сөз етіліп келсе, қазір функционалды грамматиканың негізгі ұстанымы болып саналатын сөйлеушінің әрекеті мағынадан формаға қарай бағытталуды қарастыру. Бұл ойды А. Жаңабекова өзінің еңбегінде былайша түсіндіреді «... сөйлеушінің ішкі ойы, хабарламақшы болып тұрған ақпараты өте маңызды болуы мүмкін. Бірақ сөйлеуші сол ақпаратты жеткізетін тілдік құралдарды дұрыс таңдай алмай, ұтымды қолдана алмаса, оның баяндауын тыңдаушы өз дәрежесінде қабылдай алмас еді де, әсер ету жағы да әлсіз болар еді. Керісінше, айтайын деген ойы аса терең емес, аса мәнді емес нәрсені сөйлеуші өзінің тілдік шеберлігінің арқасында оны әдемілеп, әсерлі, нақты жеткізе алады. Сөйлеушінің тілдік шеберлігі, тілдік құзыреттілігі сол

мазмұнды жеткізетін тілдік құралдарды жақсы білуімен байланысты. Бұдан сөйлеуші әрекеті мағынадан формаға қарай бағытталғанын көреміз [2, 29]», әрине, бұл әрекетте формадан мағынаға қарайғы бағыт астарлы мағынада көрініс тбатынын түсінуге болады.

Функционалды грамматиканың мағынадан формаға қарай бағытталу қағидасы бойынша «...*Бір күні Жамандық жаяу жүріп келе жатса, артынан бір атты кісі жетіпті. Екеуі жөн **сұрасып**, қайда бара жатқанын **білісіпті*** [8, 86]» мысалындағы «сұрасып» сөзі субъектілердің өзара сұрақ қою және жауап беру арқылы әрекетке қатысуын көрсетсе, «*білісіпті*» сөзі олардың өзара мәлімет алмасып, қайда бара жатқанын түсінгенін білдіреді. Бұл сөздердің негізгі мағынасы – субъектілер арасындағы байланыс пен әрекеттестікті көрсету. Лексикалық тұрғыда «сұрасып» екі жақтың бір-біріне сұрақ қою мен жауап беруін, ал «*білісіпті*» сөзі олардың өзара түсінісуі арқылы мәлімет алмасуын білдіреді. Грамматикалық тұрғыда бұл сөздер ортақтық мағынасын білдіретін жұрнақтар «-ыс, -іс» арқылы жасалған. Семантикалық жағынан қарасақ, бұл сөздер субъектілер арасындағы қарым-қатынас пен әлеуметтік өзара әрекеттестікті сипаттайды. Олар тек қимылды ғана емес, сонымен қатар қарым-қатынастың сипатын да айқындайды. Мысалы, «сұрасып» – сұхбаттасу, ақпарат алмасу процесін көрсетсе, «білісіпті» – түсіну арқылы ортақ пікірге немесе ақпаратқа жету үдерісін білдіреді. Мысалдағы «сұрасып», «білісіпті» сөздердің негізгі функциясы субъектілер арасындағы өзара әрекеттестікті ұйымдастыру. Бұл сөздер тілдік қарым-қатынаста әрекеттің екі жақты немесе көпжақты сипатын көрсетеді және әрекет жасаушылардың тең дәрежеде қатысуларын білдіреді. Ортақ етістің осындай функционалдылығы әлеуметтік қарым-қатынас пен коммуникацияның тілдік құрылымда көрініс табуына ықпал етеді. Мағынадан формаға қарай бағытталу функционалды грамматиканың негізгі ұстанымдарының бірі екенін атап өттік, ал функционалды грамматика функционалды семантиканың қалай іске асатынын сипаттайды. Семантика мен функцияның үйлесімділігі грамматикалық форманы мағыналық қажеттіліктерге икемдеп, оның тілдік жүйеде орнығуын қамтамасыз етіп тұрады. Грамматикалық категориялардың бірі – ырықсыз етіс осындай үйлесімділікті айқын көрсетеді. Мысалы, «*Бізде кісіні қайран қалдыратын, әлі сыры **ашылмаған**, қалтарыс-бұлтарысы қаракөлеңке, тіпті кейде құпиясы жеті хат жер астына **жасырылған** ұлт тағдырына қатысты күрделі мәселелер қаншама*» [9, 6]. Сөйлемде екі ырықсыз етісте жазылған сөздер кездеседі, біз тек солардың бірі «*жасырылған*» ырықсыз етіс формасында қолданылған сөзге талдау жасаймыз. Бұл етіс түрінің грамматикалық ерекшелігі әрекеттің субъектісіз, сыртқы күштің ықпалымен жүзеге асқанын білдіруі. «*Жасырылған*» сөзіне семантикалық тұрғыдан қарасақ, бұл іс-әрекеттің

нәтижесінде бір құпияның қол жетімсіз болғанын түсінеміз. Мұнда әрекетке кімнің қатысқаны белгісіз немесе ол туралы мәлімет маңызды емес деп қабылданады. Осылайша, ырықсыз етіс формасы арқылы сөйлеуші назарды құпияның жасырылғанына аударады. Функционалды семантиканың негізгі мақсаты тілдік бірліктердің мағыналық және контекстуалдық қызметін зерттеу болғандықтан, «жасырылған» сөзі ақпаратты нақтылау, оқиғаның нәтижесін көрсету және тыңдаушының назарын маңызды детальдарға аудару қызметін атқарып тұр. Берілген мысалдағы «жасырылған» сөзінің қолданылуы арқылы сөйлем ішінде функция мен семантика арасындағы үйлесімділікті көрсетіп тұрғанын байқаймыз. Себебі, «жасырылған» сөзінің қолданылуындағы семантика – қол жетімсіздік мағынасын білдірсе, ал функциясы – тыңдаушыны осы жағдайдың маңыздылығына назар аударту мәнін береді.

Қазақ тіліндегі етіс категориясы әрекетті орындаушы мен оның объектісін сипаттайтын негізгі грамматикалық категориялардың бірі болғандықтан, ырықсыз етіс пен қатар ортақ етістің де ерекше өзінің орны бар. Себебі, ол бір іс-әрекеттің бірнеше субъектінің қатысуымен жүзеге асатынын көрсетеді. Абай Құнанбайұлының қара сөздерінде ортақ етіс формалары жиі қолданылып, олардың семантикалық және функционалдық ерекшеліктері анық байқалады. Абайдың үшінші қара сөзіндегі мына сөйлемі *«Әрі-беріден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын деп және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке болыстық, билікке таластық»* [10, 14] ортақ етіс формаларында тұрған сөздерді қамтиды. *«Жауластық, дауластық, партияластық, болыстық, таластық»* сөздері ортақ етіс формасында қолданылған. Мұндағы әрбір сөздің семантикасы іс-әрекеттің ұжымдық сипатын көрсетеді. Мысалы, «жауластық» сөзі арқылы жауласу әрекеті екі немесе одан да көп тараптың өзара қарым-қатынасын сипаттайды. Сол сияқты «дауластық» әрекет даудың бірнеше субъектінің қатысуымен жүзеге асқанын білдіреді. Бұл сөздер бірлескен іс-әрекеттің мағынасын нақтылай отырып, контекстке әлеуметтік сипат береді. Семантикалық тұрғыда қарастырғанда, «жауластық» сөзі субъектілердің бір-біріне қарсы әрекетін, араздықтың көпжақты сипатын көрсетеді. «Дауластық» сөзі дауды бірлесіп жүргізуді, екі немесе бірнеше тараптың өзара таласып-тартысуын білдіреді. «Партияластық» сөзі бір топтың немесе мүдделес адамдардың ортақ әрекетін бейнелейді. «Болыстық» сөзі билік үшін немесе қызметке жету мақсатында бірнеше субъектінің талпынысын, ал «таластық» сөзі белгілі бір ресурс немесе идея үшін жарысудың және бір нәрсеге таласудың көпжақты сипатын көрсетеді. Осылайша, бұл сөздердің барлығы іс-әрекеттің тек субъектінің өзімен емес, өзара қарым-қатынас арқылы жүзеге асатынын айқындайды.

Функционалды тұрғыда бұл ортақ етіс формалары іс-әрекеттің ұжымдық сипатын көрсету үшін қолданылады. Олар сөйлеушінің назарын әрекеттің нәтижесіне емес, оның орындалу үдерісіне және оған қатысушылардың рөліне аударуға мүмкіндік береді. Ортақ етіс формалары сөйлеушінің тыңдаушыға ықпал ету құралдарының бірі болып табылады. Мысалы, «партиялас-тық» сөзі арқылы сөйлеуші белгілі бір топтың ішкі әрекетін немесе бірлесе орындалатын іс-әрекетті нақтылайды. Бұл тыңдаушыны сол әрекеттің әлеуметтік немесе саяси маңыздылығына назар аудартуға көмектеседі. Мағынадан формаға бағытталу қағидасы осы сөздердің құрылымында айқын көрініс табады. Сөйлеушінің мақсаты – әрекеттің ұжымдық сипатқа ие екенін көрсету. Бұл мағыналық қажеттілік ортақ етіс формасын таңдауға негіз болған. Ортақ етіс формасы әрекеттің бірнеше субъектінің қатысуымен жүзеге асқанын нақтылайды. Мысалы, «жауластық» сөзі арқылы жауласудың тек жеке тұлға емес, көпжақты қатынас екенін түсінеміз. Осылайша, Абайдың қара сөздеріндегі ортақ етіс формалары мағынадан формаға бағытталу қағидасының нақты мысалдары болып табылады. Олар бір жағынан әрекеттің ұжымдық сипатын білдірсе, екінші жағынан тыңдаушының назарын сол әрекеттің әлеуметтік немесе топтық маңыздылығына аударуға қызмет етеді. Функция мен семантиканың үйлесімділігі ортақ етіс формаларының контекстуалдық икемділігі мен олардың тілдік жүйедегі орнын анықтап, олардың қазақ тіліндегі ерекше мәнін айқындайды.

Қорытынды. Функционалды грамматика мен семантиканың өзара байланысы тіл білімінде тілдік бірліктердің мағыналық және функционалдық қырларын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Бұл мақала қазақ тіл біліміндегі етіс категорияларының, әсіресе ырықсыз және ортақ етіс формаларының семантикалық және функционалдық ерекшеліктерін анықтауға арналды. Абайдың қара сөздері негізінде жасалған талдаулар арқылы етіс категориясының ұжымдық және жеке субъектілер арасындағы әрекетті бейнелеу қызметі ашылды. Мақалада мағынадан формаға қарай бағытталу қағидасының қазақ тіліне тән қолданыс ерекшеліктері көрсетілді. Бұл тілдік формаларды зерттеуде функционалды грамматиканың маңыздылығын айқындайды.

Практикалық тұрғыда бұл зерттеу қазақ тіліндегі етіс категориясын түсінуде маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, мақала функционалды семантиканың рөлі мен тілдік формалардың мағыналық икемділігі туралы жаңа теориялық және әдістемелік ұстанымдарды ұсынады. Бұл зерттеу қазақ тіл білімінде функционалды грамматика мен семантиканы бірлесіп қарастыру арқылы қазақ тілінің күрделі жүйесін түсінуге үлес қосады. Етіс категориясын функционалды-семантикалық тұрғыдан зерттеу қазақ тілінің жүйелі дамуын қамтамасыз етіп, тілдік теорияны жетілдіруге мүмкіндік береді. Мақала қазақ тілінде мағына мен

форма арасындағы байланысты тереңірек түсінуге бағытталған жаңа ғылыми мәліметтерді ұсынады. Бұл бағыт болашақ зерттеулерге негіз бола алады.

Функционалды грамматика мен семантиканың байланысын тереңірек зерттеу алдағы уақытта қазақ тілінің коммуникациялық және когнитивтік әлеуетін толық ашады.

Мақалада семантика мен функция ұғымдарына қатысты бірнеше ғалымдардың пікірлері талданған. Бұл пікірлерді зерттей отырып, олардың семантика мен функцияны әртүрлі қырынан қарастырғанын байқаймыз. Кейбір ғалымдар семантика ұғымының тілдік бірліктердің мағыналық қырларын зерттеудегі рөлін ерекше атап өтсе, кейбірі функция ұғымын тілдік қызметтің негізгі механизмдерінің бірі ретінде сипаттайды. Семантиканы алғаш ғылымға енгізген француз ғалымы Мишель Брель оны тілдің мағыналық жағын зерттейтін бағыт ретінде таныстырған. П. Гиро болса, семантиканы үш аспектіде қарастырып, оны лингвистикалық, психологиялық және логикалық деп бөлген. Бұл көзқарас семантиканың тек мағынаны зерттеп қана қоймай, оның адам ойлауы мен тілдік құрылымдар арасындағы байланысын зерттеу қажеттілігін көрсетеді.

Семантиканы жалпы мағыналық ғылым ретінде А. Шафф қарастырып, ол барлық тілдердің «мағыналық жағын» түсінуге бағытталған үлкен ғылым екенін атап өтті. Ал Г. Штерн семантикадағы полисемия құбылысын арнайы зерттеп, оның мағына мен мағыналық өзгерістерге қатысты теориялық негіздерін ұсынады. А. Потебня сөз мағынасының ішкі және сыртқы жағын айқындап, тілдің логикалық және дыбыстық аспектілерін бөліп көрсеткен.

Қазақ тіл білімінде семантикалық зерттеулерду алғаш жүргізген М. Оразов болды. Ол қазақ тіліндегі семантиканың ерекшеліктерін зерттеп, оның тарихи, психологиялық және логикалық қырларын қарастырды. Бұл еңбектер қазақ тіл біліміндегі семантиканың зерттелуіне негіз салды.

Функция ұғымын лингвистикаға енгізген ғалымдар арасында Роман Якобсон ерекше орын алады. Ол тілдік функцияларды коммуникацияның негізгі элементтері ретінде қарастырып, олардың семантикамен байланысын анықтады. Ол коммуникативтік, экспрессивтік және конативтік функциялар тілдік құрылымдардың мағыналық қырларын түсінуге мүмкіндік беретінін көрсетеді. Сонымен қатар, қазақ тіл білімін зерттеп жүрген тағы да бірнеше ғалымның тұжырымдары талданды. Мәселен, А. Жаңабекова функцияны тілдің қарым-қатынас пен танымдық қызметін қамтамасыз ететін негізгі құрал ретінде қарастырған. Оның пікірінше, функционалды грамматиканы мағынадан формаға қарай бағытталу қағидасын жүзеге асырудың негізгі тетігі деп санайды.

Мақалада келтірілген ғалымдардың пікірлерінің арасында ұқсастықтар да, айырмашылықтар да бар. Алайда, олардың бәрі семантика мен функцияның тіл білімінде маңызды рөл атқаратынын мойындайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Салқынбай А., Сүйінжанова Ж., Сәрсембаева М., Әуелбекова Ж. Атаулық тіркестегі әлем бейнесі: семантикасы мен уәжділігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 294 б.
2. Жаңабекова А. Функционалды грамматиканың метатілі. – Алматы: Елтаным баспасы, 2012. – 156 б.
3. Шафф А. Введение в семантику. – Москва: «Иностранная литература», 1963. – 376 с.
4. Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. – Алматы: «Рауан» баспасы, 1991. – 216 б.
5. George Lakoff. Metaphors We Live By. – USA: University of Chicago Press, 1980. – p. 256.
6. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. / Жауапты редактор: Ш. Құрманбайұлы, – Алматы, ЖШС «Ануар-KZ», 2010. – 720 б.
7. Соқпақбаев Б. Балалық шаққа саяхат: повесть / – Қарағанды: «Qasym баспа үйі», 2021. – 310 б.
8. Асыл сөз: Өлеңдер, ертеңдер, аңыздар/ Құраст. Ысқақов Б. – Алматы: «Жалын», 1987. – 432 б.
9. Адырбекұлы К. Жүрек жұтқан: Деректі повесть. – Алматы: «Каратау КБ» ЖШС «Дәстүр», 2016. – 288 б.
10. Алматы: «MELOMAN Publishing», 2022. – 254 б.

Ә.Т. ТӘУБЕЕВА

Казахского национального университета имени Аль-Фараби,
Алматы, Казахстан

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ГРАММАТИКА И СЕМАНТИКА: ВЗАИМОСВЯЗЬ И СОГЛАСОВАННОСТЬ

Аннотация. В статье анализируется понятий функциональной грамматики и семантики, а также их роль в языкознании. Цель исследования – раскрыть теоретические основы семантики и функциональной грамматики и также описать их особенности в казахском языке с функционально-семантической точки зрения. Рассматривается формирование понятия семантики, научные основы которого заложил М.Брель и взгляды других ученых. Кроме того, уточняется, что понятие функциональной грамматики было введено в языкознание такими учеными, как Р.Якобсон и А.В. Бондарко, и выявляется связь этого поня-

тия с семантикой. В казахском языкознании рассматриваются функционально-семантические исследования в трудах М.Оразова и А.Жанабековой, приводятся важные выводы, направленные на раскрытие смысловых и коммуникативных особенностей языка. Особое внимание уделяется роли принципа перехода от значения к форме в языковых исследованиях. Это позволяет понять функционально-семантические возможности языка и раскрыть его функции в речевой деятельности. Новизной статьи является исследование функционально-семантических характеристик категории залога в казахском языке. Следуя принципу перехода от значения к форме, описываются семантические особенности грамматических структур казахского языка. Практическая значимость статьи заключается в возможности ее использования при обучении грамматической и семантической системам казахского языка и в области перевода.

Ключевые слова: семантика, функция, значение, форма, залог, полисемия, направление, логика, мысль, язык

A.T. TAUBEYEVA

Kazakh National University named after Al-Farabi,
Almaty, Kazakhstan

FUNCTIONAL GRAMMAR AND SEMANTICS: INTERCONNECTION AND CONSISTENCY

